Привлекательность и доступность письменного наследия Р.Фахреддина определяются не только глубиной содержания, но и достаточно хорошим художественным стилем, образным чутьем, литературным опытом автора. В истории татарского словесного искусства он считается крупным писателем-просветителем, внесшим значительный вклад в развитие литературы. Его романы (некоторые считают их повестями) «Салима, или Целомудрие (1899) и «Асыма, или Проступок и наказание» (1903) уже более века пользуются успехом среди читателей. В них отражены раздумья автора о смысле жизни, счастье человека. Не зря эти произведения названы именами героинь. По мнению рассказчика, состояние общества впрямую зависит от семьи, от положения женщин. Их воспитанность, образованность во многом определяют настоящее и будущее народа. Автор, опираясь на выработанные веками гуманистические каноны, считает, что каждый человек в ответе за свои поступки: добро оплачивается добром, зло – злом. «Что посеешь – то и пожнешь» - вот основной нравственный принцип художественных произведений писателя. Глубокий, иносказательный смысл этой пословицы проявляется и в других сочинениях автора...

Р.Фахреддин – выходец из религиозной семьи – получил мусульманское образование, выполнял ответственные обязанности в существующей тогда системе управления ислама в России. Искренняя, осознанная вера в Бога, в религиозные постулаты пронизывают всю его деятельность, все его труды. Он опирается на учение Корана, комментирует религиозные предписания, в освещении тех или иных вопросов часто ссылается на Священную Книгу, на изречения пророка как на авторитетнейшие источники. Вместе с тем, как и его предшественники А.Курсави (1776–1812), Ш.Марджани (1818–1889), а также Аль-Афгани (1839–1897), Р.Фахреддин хорошо понял, что религиозные деятели должны учитывать реалии изменяющегося мира, согласовывать мусульманские постулаты с достижениями науки, культуры, образования. Он считает, что «ислам должен дать ответы на все реалии современности и проблемы этого и загробного мира» [2. 344]. При этом, наряду с воспитанием, Р.Фахреддин особо подчеркивает роль приобретения знаний, считая это обязанностью каждого мусульманина. «Все научные достижения европейцев, кроме их религии, – пишет он – полезны для мусульман» [5. 336]. Кроме того, Р.Фахреддин предпочитает тех людей, которые трудятся по мере своих возможностей, которые результатами своей деятельности способствуют развитию и совершенствованию нации» [5. 74]. В отличие от многих предшественников, Р.Фахреддин дифференцированно относится к понятию «мусульманин», выделяет в нем и этнические общности. В частности, в его исторических сочинениях, особенно в книге «Болгарские и Казанские тюрки» освещаются этногенез и история предков нынешних татар и их этнических компонентов. Автор рассматривает историю болгар, хазар, кипчаков в общетюркских рамках, в тесной связи с другими народами.

Религиозно-нравственные воззрения, связи с Кораном и хадисами особенно рельефно представлены в так называемых «воспитательных книгах» Р.Фахреддина, таких как «Семья» («Гайлэ»), «Воспитанная мать» («Тэрбияле ана»), «Воспитанный отец» («Тэрбияле ата») и т.д., которые неоднократно издавались, использовались в качестве пособия в учебных заведениях. Они и поныне очень популярны. Его сочинение по хадисоведению «Комментарии на сборники изречений (Пророка. – Х.М.)» («Жәвамигүль-қөлім шәрхе», 1916), состоящее почти из 600 страниц, является как бы кладезем мудрости и ценнейших советов, своего рода кодексом духовно-нравственного и гуманистического воспитания. В нем содержатся комментарии 344 хадисов (изречения) пророка, в связи с ними

## **Миннегулов Х. О научно-просветительской деятельности...**

---

изложены интересные мысли и наблюдения Р.Фахреддина, приведено множество фактов и сведений из литературы, и из реальной действительности.

Духовно-нравственная жизнь, научно-философские и литературные воззрения татар издревле органически связаны с интеллектуально-гуманистическими ценностями мусульманского Востока. Единство религии, графики, тесные взаимоотношения народов этого мира способствовали созданию необходимых предпосылок и условий для их духовных связей. Преобладающее большинство татарских ученых, писателей, педагогов воспитывалось и училось на общемусульманских ценностях. В своей деятельности они часто обращались к тематике Востока. Вслед за Утыз-Имяни (1754–1834), Каюм Насыйри (1825–1902), Ш.Марджани, Р.Фахреддин успешно продолжает эту многовековую традицию. «Коран», хадисы, а также сочинения знаменитых мухаддисов Аль-Бухари (810–870), Ахмада Ханбала (780–855), Муслима (817–875) и некоторых других богословов были для Р.Фахреддина неиссякаемым источником, непререкаемым авторитетом для выработки его нравственных взглядов.

Р.Фахреддин одним из первых в ориенталистике комментировал путевые записи служащего багдадского халифата Ибн Фадлана, который в составе большой делегации посетил Болгарское государство на Волге в 921–922 гг. Татарский ученый на основе арабского текста излагает ценные мысли и наблюдения о народах Поволжья и Приуралья. Р.Фахреддин также исследовал саяхатнаме знаменитого арабского путешественника Ибн Батуты о его поездке во второй четверти XIV века в Золотую Орду, в Сарай, перевел этот текст на татарский язык и опубликовал его отдельной книгой в Оренбурге в 1917 году.

Как известно, Мусульманский Восток известен своими великими людьми, внесшими большой вклад в духовно-интеллектуальное развитие мирового сообщества. Именно такие личности привлекают внимание татарского ученого. Р.Фахреддин, на основе большого количества источников и научной литературы, написал монографии об Абуль-Аля Аль-Маари (973–1057) (1908), Имам Газзали (1058–1111) (1909), Ибн Араби (1165–1240) (1909), Ибн Рушдэ (1126–1198) (1905), Ибн Арабшах (1388–1450) (1909), Ибн Таймия (1263–1328) (1911, 1914), Ахмеде Мидхате (1844–1913) (1913). Автор довольно подробно освещает их жизненный путь, труды и взгляды этих писателей, философов-богословов. Анализируя их деятельность, он стремится выявить характерные черты человеческой сущности, исторического и духовного развития общества, подчеркиваетозвучные,

поучительные для современности моменты в их деятельности. В личности Абуль Аля Аль-Маари, например, автору импонирует его честность, порядочность, эрудированность; творчество же этого поэта – образец философской глубины, отточенности языка и стиля. Знаменитый турецкий писатель Ахмед Мидхад представляется автору идеалом служения своему народу. И в этих, и в других публикациях, посвященных освещению биографии и деятельности известных людей других народов, он стремится выявить их роли в тюрко-татарской духовной жизни.

Для Р.Фахреддина история, наука, культура представляют собой результат деятельности талантливых людей, прежде всего творческих личностей. Вот поэтому он в центр своих научных изысканий ставит конкретных деятелей, часто выдающихся людей (“Мәшһүр адәмнәр” “Знаменитые люди”); через их действия стремится воссоздать историко-культурный процесс, внутреннюю жизнь отдельных эпох, государств, народов. В этом отношении примечательны написанные им портреты- очерки о болгарских, золотоордынских и казанских ханах. В них в концентрированной, сжатой форме запечатлены важнейшие историко-политические события в индивидуальной судьбе правителей.

Р.Фахреддин создал уникальный биобиографический труд под названием «Асарь». В нем в хронологическом порядке представлены более 1000 человек, в основном татарские религиозные деятели, ученые, писатели. Структура статей, как правило, такова: годы жизни; места рождения, учебы и работы; семья; наставники; черты характера и деятельности; основные труды.

Р.Фахреддин в своей научной деятельности опирался на источники, факты, критически анализировал, сопоставлял их; сам постоянно собирал необходимые сведения, переписывался с другими людьми. Кроме того, он использовал архивные данные, хранящиеся в фондах муфтията. Поэтому его «Асарь», продолжающий традиции «Вафиятэл-аслаф ва тахиятэл-ахлаф» («Подробное о предшественниках и приветствие потомкам») Ш.Марджани, считается бесценным трудом и по охвату использованных материалов, источников, и по глубокому осмыслению жизни представленных личностей. В начале XXI века начали появляться тома «Татарской энциклопедии», которые в значительной степени опирались и на биобиографические достижения Ш.Марджани и Р.Фахреддина.

Первые два тома «Асарь» в пятнадцати частях были изданы в 1900-1908 годах в Оренбурге (Весь объем более 1000 страниц), другие части остались неопубликованными. В связи с подготовкой и проведением 150-летия со дня рождения Р. Фахреддина, два тома «Асарь» были изданы в

## **Миннегулов Х. О научно-просветительской деятельности...**

---

Казани (2007, 2009) на татарском и русском языках.

Работа в журнале «Шура» (1908-1917) в качестве главного редактора занимает особое место в многогранной деятельности Р.Фахреддина. Следует отметить, что журнал, хотя в нем работали и выступали и другие авторы, в большой степени является индивидуализированным, личностным изданием. Во-первых, большинство статей там написано Р.Фахреддином. Во-вторых, основное направление, цели и задачи журнала определялись и осуществлялись самим главным редактором. Это издание представляет для Р.Фахреддина своего рода трибуну, поле деятельности. На страницах журнала «Шура» как бы сфокусированы все направления действий Р.Фахреддина: здесь он выступает в качестве писателя, журналиста, религиозного деятеля, ученого, философа, педагога, историка, правоведа, критика, обществоведа и др. Если бы его деятельность ограничивалась только работой в этом журнале, то все равно имя Р.Фахреддина осталось бы известным в историческом сознании народа.

Татароязычный журнал «Шура» выходил в Оренбурге 2 раза в месяц (Всего 240 номеров). В монографии Р.Марданова «Журнал «Шура»» [3] подробно проанализированы структура, тематика, содержание этого издания. По приблизительным, условным подсчетам, 1380 публикаций в нем отражают – литературные проблемы, 953 – общественные проблемы, 545 – проблемы истории, 415 – по просвещению, 307 – по лингвистике, 146 – по философии, 146 – по естественным наукам, 92 – по печати, 62 – по искусству, 39 – по экономике и др. [3. 32]. Из постоянных разделов наиболее интересна рубрика «Выдающиеся личности...», где представлены такие корифеи Востока и Запада, как Ибн Сина, Аль-Мутанабби, Омар Хайям, Саади, Навои, Махтумкули, Аристотель, Сократ, Декарт, Спиноза, «Граф Толстой», Гоголь, Жюль Верн и многие другие. В их выборе главный редактор исходит не из религиозных и этнических принципов, а из заслуг и достижений этих деятелей. На страницах журнала значительное место занимает литературные материалы. Наряду с публикациями татарских авторов, таких как Дердеменд, Г.Ибрагимов, Г.Тукай, М.Гафури, Ф.Карими, Г.Сагди, Ш.Бабича и других, имеются и сочинения арабо-персидской, турецкой, узбекской, русской, западноевропейской литературы. Журнал достаточно хорошо проиллюстрирован, в нем часто встречаются ценные фотоматериалы. Короче, данное издание является богатым источником не только для татар и башкир, но и для других народов. Можно назвать его энциклопедией, летописью духовной жизни второй половины XIX – начала XX веков.

Р.Фахреддин известен также и своими археографическими,

текстологическими, лингвистическими трудами.

\* \* \*

Одно из сочинений Р.Фахреддина названо словом «Асарь», которое имеет несколько значений: действия; дела; следы; произведения; памятники и др. Из них понятие «следы», кроме обычного житейского значения, имеет и символический смысл. На протяжении многих столетий в тюрко-татарской, да и всей восточной литературе смыслом человеческой жизни считалась оставить после себя «доброе имя», «следы».

Ризаэддин Фахреддин своим упорным трудом, энциклопедической деятельностью, добрыми делами и поступками оставил глубокие следы в памяти народной. «Любая нация, претендующая на равноправное существование с другими, должна помнить свое прошлое и изучать свою историю» – эти слова великого Ученого и Наставника и поныне звучат актуально.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Азат Ватан (Свободная Родина. – Журнал, Мюнхен). – 1952. - № 1.
2. Ислам на Европейском Востоке: Энциклопедический словарь / Редколлегия: Р.А.Набиев, Х.Ю.Миннегулов... - Казань: Магариф, 2004.
3. Ризаэддин Фәхреддинов: Научно-биографический сборник. – Казань: Рухият, 1999.
4. Мәрдәнов Раиф. «Шура» журналы (1908-1917). – Казань: Рухият, 2001.
5. Миннегулов Х. Вслушиваясь в голоса веков. – Казань: Магариф, 2003. – С. 108-129 (На татарском языке). Здесь помещены статьи о Р.Фахреддине.
6. Яңа милли юл [Новый национальный путь. –Журнал, Берлин]. –1936. - №7-8.
7. Җәвамигуль – кәлим шәрхе [комментарии на сборники изречений (Пророка. – Х.Ю.)]. – Казань: Иман, 1995.

#### **REZUME**

**K. Minnegulov (Kazan)**

**ABOUT SCIENTIFIC – EDUCATIONAL ACTIVITIES OF  
RIZAEDDIN FAKHREDDIN (1859-1936)**

**The Life of the Tatar writer, scientist and public figure Rizaeddin Fakhreddin is given in the article. Giving the information on the childhood of R.Fahreddin the author considers his activities, his place and works in the society.**

Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ

ҰРЫМ-ТЫЙЫМНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Автор в своей статье объясняет, что жанр примет и северий в казахском фольклоре имеет огромное значение в воспитании молодого поколения, играет большую роль в получении таких качеств как милосердие, человечность, вежливость, приличие, учтивость и это доказано наукой. Автор по своим особенностям делит казахские приметы и северия на две части и посвяи

Kazak folklorundaki küçük janr şekli – “ batıl inançlarım ” genç nesli saygılı davranışa, hoşgörüye, irfana davet eden tarafı söz konusu olur. Hem de etnikültürel yönümizden oluşturulan, hem denetleyen bir araç olduğu da bilimsel açıdan tespit edilerek anlatılır. Kazak halkın batıl inançları ( yasaklılama ) kendi özelliklerini açısından iki gruba ayrılarak incelenir.

Бағзыда адам әuletін бір-біріне қарама-қарсы екі лагерьдегі рухтар қоршап тұр деген наным-сеним болған. Олар әдетте ізгі және кесірлі рухтар. Адам осы рухтардың қатерінен қорғанып, сақтану немесе мейіріне ие болып, қолдауына жетуді көздеп әрекеттер жасаған. Өз іс-қымылдарын сол иекиелерге үйлестіру, үндестіру мақсатында әр түрлі ұрым-тыйымды ойлантауып, тұрмыста қолдана бастаған.

Тыйым (табу) болатын белгілі бір қатерден адамды қорғандыру, сақтандыру, сол арқылы табиғат пен әлеуметтік күштердің ризашылығын алу үшін жасалды. Ұрым мен тыйымның міндеті болашақты (исті) болжакау, сәтті нәтижеге жету үшін алдын ала жоспар құру, белгілі бір қағида-ережеге бағынуды шарт етеді. Тыйым алғашқы қауым заманында магиялық түсінікпен тіндес басталғанымен уақыт өте келе қоғам дамыған тұста әлеуметтік заңи мәнгеге ие бола бастаған. Енді адамдар рухтарды емес, пәк-күнәһар, ак-қара, обал-сауап категориясын алға тартқан. Тыйым – ол адам сөзсіз орындауга тиісті, талқылауга жатпайтын, қоғамда қатаң қалыптасқан, сірексен ережелердің жиынтығы. Оны адам бала кезден естіп, үйреніп-біліп, өле-өлгеше орындауга тиісті.

Ал, ұрым болса, жеке адамның немесе қауымның жору, болжакау арқылы орындауга тиісті ережелері. Бұнда болашақты болжакау, жору функциясы басым. Халықтың ұғымында ұрым екі түрлі болады:

1. Жақсы ұрым. Мысалы: а) Аттың есінеуі; ә) Баланың тоңқайып жол қаруы; б) Сауықсанның шықылықтауы.

2. Жаман ұрым. Мысалы: а) Жақ таяну; ә) Қолды артқа ұстау; б) Тізе құшақтау.

Жалпы, ұрымды табиғат пен әлеуметтік күштер тараپынан жеке адам бұлжытпай орындау үшін хабардар етіп, сездірілетін тұтқыл сигналдар,

рәміздік әрекеттер жүйесі деуге болады. Мысалы: 1. Жұлдыз ақса, оны көрген кісі «Менің жұлдызым жоғары» деп айту керек. 2. Бала сүт тісі түссө, оны майға орап «Жасық тісімді алып, өткір тісімді бер» деп итке беруі керек. 3. Үйдің іргесіне ит сарыса, құт құйылады. 4. Ерттеулі тұрған ат сілкінсе, жыншайтанды үркітіп жатқаны. 5. Тұнде жолында сиыр жатса, сапарың оң болмайды. 6. Оқпақ шақырса, бие құлын тастайды. 7. Алдыңдан тұлкі қашса, сапарың сәтті болады. 8. Сол құлағың шыңылдаса, біреу сені жамандап жатыр.

Ырымның келесі бір түрлері – жеке адамның өзі істеуге тиісті емес деп саналғанымен қауым тараپынан ескерпілмесе, яки талап етілмесе, орындалмай қалуы ықтимал, бір ұшы тыйыммен тығыз байланысып жатқан ырымдар. Бұның ырымға жататыны, жеке адам абайсызда «соны» істеп отыrsa, қауымның жөн-жосықты білетін кісісі, «оған» тыйым салып, себебін жолай түсіндіріп, кісіні сақтандырады. Мысалы: жақ таянба. Демек, ырымның бұл түрі жеке адам – тыйым салынған әрекет – қауым мүшесінің жоруы деген үштікке табан тірдейді. Тыйымды адам бұлжытпай орындауга тиісті болса, ырым (не жақсы, не жаман) жеке адам тараپынан (әрекет пен сез арқылы) әбден көрініс тапқан соң, оны қауым мүшесі жору, ескерту, түсіндіру түрінде талқыға түсіретін құндылық болып саналады. Сонымен, ырымтыйым жеке адам мен қауымның кез келген мүшесінің арасында белсенді сұхбат, ерікіз пікір алмасуды тудырып, жедел реттелетін әлеуметтік-психологиялық категория.

Ырым-тыйымда заттар мен құбылыстар белгілі қауымның түсінігі тұрғысынан рәмізделеді де, дағдылы сез тіркесі арқылы көрініс тауып, бағзы мифтік ұғым жақшаша пішінге түсіп жаңғыртылады. Ырымда шын мәнісінде болашақты болжаку – басымдыққа ие. Ол күнделікті өмірде жиі ұшырайды, кездейсоқ сипатта және ауызекі тілде жиі қолданылып, адамды адамдармен қызу қатынастыратын қабілетке ие. Қайталап айтсақ, ырымның негізгі мәні – болашақты болжаку, болуга ықтимал қатерден адамды алдын ала сақтандыру, бір сезбен айтқанда, жаманышылқтан құтқару немесе орындалуға тиісті шарапатты көрегендікпен сездіріп, қуанышқа кенелдіру, сол қызметтері арқылы жеке адамның әлеуметтік-психологиялық ахуалын оңалдыру. Сонымен, ырым-тыйымды қазақ фольклорында кездесетін ең қысқа әрі ең өміршең жанрдың бірі деп танимыз. Ол адамның күнделікті тұрмыстіршілігінде тұтқындан көрініс тауып, қағылез бақылаушылар тараپынан жария етілетін, қоғамдық санада бағзыда қалыптасқан қасаң қағидалардың түйіні, түйіршігі деуге болады. Оның ғасырлар керуеніне өтіп, бүгінгі ұрпақтың зердесіне ұя салуы – қысқа да ұшқыр, ұтқыр да тұтқыр

сипатында жатыр.

Үрым-тыйымдар көрікүлақ естияр жандар тарапынан бақыланып, үнемі қадағаланып отыратын қасиетке ие. Ол әлеуметтік-қоғамдық реттілікті, тәртіпті қалыштастыруши, орнықтыруши бірегей жүйе. Бір сөзбен айтқанда, оны «занға дейінгі зан» деп бағалауға болады. Әрбір ырымның өзегінде бір замандарда қоғамда маңызды рөл атқарған әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің сарқыны, қуатты қайнаркөзі жатыр. Үримнің негізгі ерекшелігі – ол өте-мете себеп-салдарлы. Оны мифке жақындастып тұрғаны дәл осы сипаты. Бір сөзбен айтқанда, бұнда қандай бір әрекетті «істесе не болады?» немесе «олай істеуге болмайды, оның себебі мынадай» деген этиологиялық түсінік орын алады.

Үрим кейде қандай бір шүғыл әрекетке байланысты туындаиды. Оған қауым мән беріп, бір мезет назар аудару арқылы қарымта жауап (пікір-тілек, көзқарас, баға) білдіреді. Мәселен, біреу оқыстан тұшкірсе, оған көніл бөлініп, мынадай сөздер айтылуға тиіс:

1. Бер Тәңір, бес жұз жылқы,  
Асығып айттым, алты жұз жылқы,  
Жетпей айттым, жеті жұз жылқы.
2. Жәрекімалла, жарылқа,  
Құнан қойдан қабырға.
3. Ах, түш, ақ сиырдың сүтін іш.

Мифтік танымда әлем қарама-қарсы екі жікке жарылып тұрады: жақсы-жаман, адап-харам, ыстық-сұық, обал-сауап, шарапат-кесапат және т.б. Ал, барлық ырым осы керагар түсінікке табан тірейді. Үрим-тыйым түрік-монгол халықтарының барлығында кездеседі. Оны әзербайжандар «сынама», қыргыздар «ырым-дарымдар», монголдар «ёр», «цээр», қалмақтар «йори», татарлар «ырым-ишиналар», «сынамыштар» деп атаган.

Үрим-тыйымдар жекетогай өмір сүре бермей кейде мақал-мәтелге де айналып кетеді. Себебі, ырым-тыйым мен мақал-мәтел екеуінде де халықтың ғасырлар бойы табиғат пен әлеуметтік құбылыстарды бақылауында туған нәтижелер қорытындыланады. Мәселен, молаға қарай жүтірме, асты қорлама, жылағанга күлме деген тыйымдар «Өлетін бала молаға қарай жүтірді», «Асты қорлама құстырады, ерді қорлама састырады», «Құлғен күле жетеді, екі етегін түре жетеді» деген түрде мақал-мәтелге айналғанын көруге болады. Сонымен бірге кейбір ырым-тыйымдар қарғысқа да айналады. Айтальық, «құр бесікті тербетпе» деген тыйым «құр бесікті тербетіп қал!» пішінінде қарғыс сөз боп айтылады. Тіпті ертегілерде кейіпкер кесе көлденең тыйымдарға

(әдette үш рет) тап болады, бірақ оны бұзғандықтан шым-шытырық шыргалаңға түседі, демек көркем сюжеттің динамикалық қарқынмен өрбіл-өрістеуіне біз талдаң отырган нысан түрткі болады. Демек, ырым-тыйым жеке дара тұйықталып қалмай фольклорлық сан алуан басқа жанрларды да түрлендіріп, нәрлендіре түсуге себепші болған.

Ырым-тыйым көбіндегі бұйрық райда айтылады да, кейде ақыл-кеңеске де ұқсайды. Рас ол бұл түргыдан мақал-мәтелге жақындағанымен түпкі мәнінде ескерту, сақтандыру, болуга ықтимал қатердің алдын-алу шарасы жатыр. Бір сөзben айтқанда, мақал-мәтелдер көрісінше тарихта болған, бастан кешкен жайттардың күесі іспетті болса, ырым-тыйымда үнемі болашақ болжанады. Айтальық, «Үй иен қалса, төсектің үстіне пышақ қойып кет» деген ырым ақыл-кеңеске ұқсайды. Ал, түпкі себебін таратып айтсақ, дәстүрлі танымда иен үйге, бос төсеккө жын-шайтан қонуы ықтимал, ондай рух-иелер өткір жүзді саймандардан, пышақтан сескенеді, демек, ырымда пышақ арқылы қаскөй күшті қуу магиясы түспалданған.

Қорыта айтқанда, ырым-тыйым қазақ магиялық фольклорындағы шағын жанрлық түр ретінде енді анықталып отыр. Бүгінге дейін бірсыныра мәтіндер жинақталғанымен (Б.Абылқасымұлы, Б.Бопай, А.Қайбарұлы) арнағы зерттеле қоймаған осы шағын жанрлық түрдің халқымыздың түрмис-тіршілігінде көтеріп келе жатқан жүті орасан ауыр екендігі байқалады.

Әдette кейбір ырымдардың тобы дереу жорамал жасауда итермелеп, психологиялық ахуалға түрткі болады. Бір сөзben айтқанда, ол таза практикалық қызмет атқаратын жанр.

Ырым-тыйымдарға А.Дандис, Е.Г.Павлова секілді ғалымдар саралау жасаған. Біз қазақ ырым-тыйымдарын өзіндік ерекшелігіне сай төмөндегідей екі топқа бөлеміз:

I. Белгі-дабыл қағушы ырым-тыйымдар (Мақсаты – болашақты болжаяу).

II. Ережелеуши ырым-тыйымдар (Мақсаты – магиялық).

I. Белгі-дабыл қағушы ырым-тыйымдар адамның шарасынан тыс, табиғаттың-тағдырдың үкімі секілді сезіледі. Айтальық, бөбек тоңқайып жол қараса, алыстан жолаушылап туыскан келеді, тілінді тістеп алсаң, үйіңе ашыққан қонақ келеді, он қабағың тартса, қуанасың, қой ыңыранып үйіктаса, қыс жайлы болады, сауысқан шықылықтаса, алыстан хабар аласың және т.б.

Бұларда болашақты болжаяу, жору сарыны басым. Аталған ырым-тыйымдар адамның еркінен, қалауынан тыс, кездейсок, тосын жағдайда туындаиды.

II. Ережелеуші ырым-тыйымдарда адамға ақыл-кеңес беріледі де, онда «не жақсылықтың, не жамандықтың» белгі-ишарасы жатқаны анық байқалады. Мысалы, торгайдың жұмыртқасын жарған баланың бетіне секпіл түседі, жиенін ұрган адамның қолы қалтырауық болып қалады, тілі жай шыққан балаға итаяқтан су ішкізу керек, аспанға аяғында көтерме, адамға сұқ саусағында кеземе т.б. Бұнда болашақты болжакау сипаты әлсірегенімен не жақсы, не жамандыққа түрткі болып тұрғаны – оңай аңғарылады, демек магиялық айрықша басымдыққа ие. Мысалы: үйге кірген жыланға ақ күйіп шығару керек, қасқырдың атын атауга болмайды, сәбидің аузына киелі адам түкірсе, ол мықты азамат болады, мұрныңнан қан аға берсе, аттың шашасын тұтатсан тыйылады, күйез ұстаса, сұлу қыздың артынан сәлем салсаң жазылады, бөрінің тарамысын тұтатсан, ұрының қол-аяғы тартылады және т.б.

Ережелеуші ырым-тыйым сонымен бірге тыйыммен (табу) тығыз ұштасып тұрады. Айтальық, аяғында көкке көтерме, босағаны керме, бас кимінді бөгде адамға берме, отқа түкірме, күлді баспа, малды басқа ұрма, әкең тірі болса, кәдеге тартылған басты кесуге қақың жоқ. Ережелеуші ырым-тыйымдар әсіре себеп-салдарлы болады. Ал белгі-дабыл беруші ырым-тыйымдар әсіре болжағыш келеді. Айтальық, мысық ағашты тырнаса, қарлы-бұрқасын болады, айтыр таласса, жылқы түлігі өседі, қой күзде өрістен ауызына шөп тістеп қайтса, қыста жұт болады. Бұл топтағы ырым-тыйымдар халықтың ұзақ жылдар табиғатты бақылауынан, өмір-тіршілікті тануынан тұғандықтан белгілі дәрежеде ғылыми дәлелдерге жақын болады да, шыншылдық қасиеті күшейіп, магиялық (наным-сенімдік) сипаты әлсірейді. Ал, ережелеуші – ырым-тыйымдарда магия зор қызмет атқарады. Айтальық, ақ жауын тыйылмаса, кенже балалардың дамбалын шешіп, аспанға артын көрсетіп, тоңқайту керек, қозы-лақтың енін құмырсқаның ініне тастасаң, мал қаулап өседі, баланың аяғы сырқырап ауырса, қарыстасаң жазылады, аяғы ауыр әйел балықтың етін жеуге болмайды, себебі нәресте мылқау болып қалады, жұма күні көшуге болмайды, себебі түйе тулас қазаның сынады, қатының өледі, ауға балық түспей қойса, әйелдің дамбалын байлау керек, сонда олжага батасың т.б.

Сонымен бірге ырым-тыйымның шектеушілік және қолдаушылық (макұлдаушылық) негізгі екі функциясы бар екенін байқаймыз. Айтальық, төмендегі ырым-тыйымдар шектеушілік қызмет атқарады: көк шөпті жұлма, кем-кетікке күлме, малды басқа ұрма, ұлкеннің жолын кеспе, қара қосқа қамшы алыш кірме т.б. Ал, келесі ырым-тыйымдарда макұлдаушы сарындар үстем: дастарқандагы нанның қоқымын жесең, бай боласың, қариядан бата

алсаң, жолың ашылады, жұма күні іс шығарып, шелпек таратсаң, аруақтар риза болады, сәрсенбінің сәтті күні той жаса т.б. Шектеушілік қызмет атқаратын ырым-тыйымдарда абайсызды кие-кесірге ұрынбауды сақтандырса, мақұлдаушы топта тылсым күштің ризашылығына белену амалын көздейді. Жастарға тәлім-тәрбие беру, үлгі-өнеге көрсету жағы да жүзеге асады. Әлбетте, белгі-дабыл беруші топтағы ырым-тыйымдардағы жайттар негізінен адамның қалауынан тыс болып жатады. Мысалы, оң қабағың тартса, қуанаасың, мініп келе жатқан атың есінессе, жол болады, пысқырса сор болады, күн қызырып батса, өртөңгісін ыстық болады, жыланның аяғын көрсөн, бақытқа кенелесің, шаңыраққа байғыз қонып шақырса, зауал болады. Демек, бұнда тағдырдың – табиғаттың үкімі, киелі күштердің үстемдігі елеулі орын алады да адам тұлғасы шарасыз бағынушы кейінде көрініс табады. Керісінше ережелеуші ырым-тыйымда адам белсенді әрекет (магиялық шаралар) жасау арқылы шарапатқа жету түспалданады, демек халықтың ізгілікті арман-аңсары көрініс табады деуге болады. Мысалы, мойын-омыртқаның сінірін жесе, қыз баланың шашы ұзын болады, таңдай жесен, әнші боласың, үлкендердің қолына су құйсан, ақ батасы тиеді, үйді адыраспанмен аластасаң, пәле-қала қашады, алыс сапарға шыққанда сәбидің «ит көйлегін» қойыныңа салып жүрсөн, жолың болады т.б. Әрине, бұл ырым-тыйымдарда «ұқастық ұқастық тудырады» деген магиялық жоралғы манызды рөл атқарып тұр. Түйіндеп айтқанда, ұсақ-түйек секілді былайғы көзге елеусіз көрінетін ырым-тыйым деген шағын да қысқа жаңардың көтеріп тұрған жүгір ересен зор. Шынтуайтында, «Алпамыс», «Қобыланды» секілді көлемді эпостарды күн сайын жырламайтынымыз да, тындармайтынымыз да белгілі, ал түрлі ырым-тыйымдарға сағат сайын тап болып жататынымыз өмір шындығы. Коммунистік кезеңде көртартпа әдетке жатқызылып, күресінге итерілгенімен ырым-тыйымдар жас ұрпақты әдептілікке, инабаттылыққа, имандылыққа әрдайым шақыратын, әрі этномәдени бет-бейнемізді қалыптастырушы, қадагалаушы құнды құрал екендігі гылыми тұргыдан дәлелденіп отыр.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Татар фольклор жанрлары. Қазан, 1978. – 140 б.
2. Кыргыз элинин оозеки чыгармачылық тарыхынын очерки. Фрунзе, 1973. – 705 б.
3. Абылқасымов Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры. Хрестоматия. Алматы, 2004. – 224 б.
4. Баклұл Абдулла. Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. Баку, 1990. – 216 с.

## **Тойшанұлы А. Ырым-тыйымның жанрлық...**

---

5. Рахимов Д. Шугун хамчун жанри фольклори точик. Душанбе, 2003. –188 с.
6. Паремиологические исследования. Москва, 1984. – 320 с.
7. Қайбарұлы А., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. Алматы, 1998. –160 б.
8. Минько Л.И. Суеверия и приметы. Минск, 1975. – 191 с.

### **REZUME**

**A. Toishanulu (Almaty)**

### **GENRE PECULIARITIES OF SUPERSTITIONS**

**This work touches upon the a small genre type of the Kazakh magic folklore-superstitions considered as an instrument calling for education of our young generation to good manners, kindness and honesty. It is also explained as a formation of ethno-cultural reflection. Kazakh superstitions are divided into two parts and characterized related to their distinctions.**

ЯСЫИН ҚҰМАРҰЛЫ

ТУРКІ КӨШПЕЛІЛЕРИНІҢ ТАҢ-СОҢ ДӘУІРІНДЕГІ ҚЫТАЙ  
ӘДЕБИЕТІНЕ ЖАСАҒАН ӘСЕРІ

*В статье автор говорит о влиянии северных тюркоязычных народов на китайскую литературу эпохи Тан-Сон, о возникновении знаменитых сказаний, о развитии, содержании, о жанровых особенностях и о влиянии Сона на свое общество того времени. Из этого можно заметить, как обстояли дела на фоне культуры и литературы северных тюркских кочевников.*

*Makale yazarı, Kütteyindeki Türk halklarının Tan-Son devrindeki Çin edebiyatına yapmış olduğu etki üzerinde durur, tanınmış Son jırlarının ortaya çıkışı, gelişme süreci, anlam ve şekil özellikleri ile o dönemin topluma yapmış olduğu etki söz konusu olur. Bundan Tan-Son devrindeki kütteye Türklerinin edebiyatı ile sanatının hangi seviyede olduğunu görmek mümkündür.*

Евразия көшпелілері мәдениетінің байырғы қытай мәдениетін қалыптастырган ең басты қайнарлардың бірі екендігі белгілі. Ал осының ішіндегі тіпті де көрнекті орында тұратыны – терістік көшпелілері әдебиетінің байырғы қытай әдебиетінің қалыптасуына жасаған рөлі. Тіпті, белгілі мағынадан тұтас байырғы заман қытай әдебиетінің әр кезеңі терістік көшпенделерінің әдеби әсері негізінде қалыптасып отырған десек артық айтқан болмаймыз.

Бұл туралы қытай әдебиеттанушы ғалымдарының бірі: «Біздің батыс өңір әдебиетінің ықпалына қаратылған танымымыз тым кенже жатыр. Батыс өңір мен Қытайдың кіндік жазығының әдебиет байланысы ең бері болғанда «тау-теңіз шежіресі» замандарынан (б.з.б. 476ж. – б.з.б. 221ж.) басталған. Одан кейінгі ең көрнекті құбылыстардың бірі: әр түрлі дін батыс өңір арқылы кіндік жазыққа енгенде, қиял-ғажайып ақыздарын ала келді. Бұл қиял-ғажайып ертегілерінің көбі батыс өңірден өрбіген, ол Қытайдың орта жазығына енгеннен кейін, оның әдебиетіне, музыкасына, биіне және басқа көркеменеріне терең әсер жасады» деп, Таң-Соң замандарынан 1–2 мың жыл арыда жатқан шежіреден бұрынғы қытай әдебиетінің күйін жазса [1], келесі бірі, тұтас қытай әдебиеті мен терістік көшпелілерінің арғы заман әдебиетінің байланысын: «Егінші ұлттар мен көшпелі ұлттар тайталасқан тарихи тілдік ортадағы терістік ұлттарының әдебиеті, тұтас қытай әдебиетінің бітім-болмысына, өміршешендік қуатына және тарихи тағдырына терең әсер етті» деп суреттейді [2].

Қытай әдебиетіндегі терістік көшпелілерінің іздері ең алдымен Қытайдың тым арғы заманғы ұлан-асыр байырғы тарихи ақыздары мен мифологияларынан көрініс берсе, осыдан бастау алған кейінгі қытай әдебиетінің өн бойынан терістік көшпелілері әдебиетінің иісі аңқып, таңбасы

## **Құмарұлы Я. Тұркі көшпелілерінің Таң-Соң дәуіріндегі...**

менмұндалайды. Бұндай әсердің әр дәуірдегі болмысын зерттең-зerdeлесек өз алдына кесек-кесек тақырып болары белгілі. Біз бұлардың ішінен қытай әдебиетінде аса бір тың бұрылым және таңғажайып өрлеу туылған Таң-Соң династиялары дәуіріндегі (б.з. 618ж. – б.з. 1279ж.) Терістік көшпелілерінің қытай әдебиетіне жасаған әсерінің кей тұстарын ғана сез етеміз.

Қытай тарихында, Хан (б.з.б. 206ж. - б.з. 220ж.), Жин (б.з. 265ж. - б.з. 420ж.) патшалықтарынан кейінгі батыс терістік көшпенілдері мәдениетінің Қытай мәдениетіне зор әсер жасаған тұсы Таң-Соң патшалықтары дәуірі (б.з. 618ж. - б.з. 1279ж.) болды. Таң патшалығы заманында (б.з. 618ж. - б.з. 907ж.) Чаң-ан қаласы патшалықтың астанасы болып қалмай, дүниеге аты әйгілі аса зор мәдениет, сауда және дін орталығы болды. Чаң-ан мен Ло-янда бір мезет адамдардың киім-кешек, ішіп-жем, жүріс-тұрыстарына дейін батыс терістікке еліктеу болды. Бұл ақын Юан жыңынының өлеңі «Жарғыда»: «Шаңдатып кірген соң күдің [3] жасағы, Чаң-ан мен Ло-янды жүн мен ет иісі түмшалады, әйел заты құға тиіп, қуша жасанды, қуша ән әуенде, күй таралды», – деп жазғанындей еді. Бұл кезде киім-кешек, ішіп-жем, ән-күй, билер түтелдей сырттікі жақсы сезілді. Қолынан келгендер қуша киініп, қуша ішіп-жеп, ку шарабын ішіп, қуша сауық-сайран салды. Ақын өлеңдерінде кулар туралы шумақтар жазылды. Таң дәуірінің ақыны Жаң-ку «Ақтанау кері» деген өлеңінде: «Ку аруының шарапжайына, алыстан жеткен ақтанау керімен. Үзіліп суға тускен шамгуліндей, қалқып барады жігіт көнілі еріген» деп толғаса, Ли бай: «Ку арудың келбеті гүл, күлкісі самал. Самалдай күліп, жібекке оранған денесі бұрала биге басады, бүтін мас болмай оралармын ба, аман-саяу!» деп жазады. Ли-бай ку шарапханасының үнемілік қонағы болады. Ол өлеңі «Ақтанау керіде»: «Күміс ерлі ақтанау керімен, жасыл дала, мамық көпшіл үстінде. Себезгі жауып, самал есіп, гүл төгілгенде, қамшы басып жетемін ку аруының шарапжайына» десе, «Жастық сапарда»: «У-лин шығыс базардан жігіт келеді (五陵年少金东市), күміс ерлі ақбозбен самалдатып (银鞍白马度春风). Гүл төгілгіп барады қайда десем (落花踏尽游何处), жайнап кірді ку арудың шарапжайына (笑入胡姬酒肆中)» деп жыр төгеді (Ескерту: бұл макаладағы қазақшаланған өлеңдер ақындық аударма емес, тек мазмұнды білдіруді мақсат еткен).

Таң-Соң патшалықтары тұсындағы (б.з. 618ж. – б.з. 1279ж.) қытай ақындарының өлеңдерінің терістікке соқпайтыны, терістіктің жағырапиялық, қоғамдық және мәдениеттік әсер-ықпалына ұшырамағандары жоқ дерлік. Мысалы Таң дәуірінің әйгілі ақыны Дуфудың (杜甫) 1400 шумақтан астам өлеңінің 180 шумағы терістікпен байланысты [4]. Бұлардан басқа жоғарыда

айтылғандай, Бай жүй іі (白居易), Ли-бай (李白) сияқты Таң дәуірі ақындарының өлеңдері терістік көшпелілерінің өмір елестерінен бір адым да ажырамайды деп айтуымызга болады. Бұлардың ішіндегі бір бөлім ақындардың терістіктегі түркі көшпелілерімен байланысты екендігі де мәлім. Ли-байды көптеген әдебиеттанушы ғалымдар терістіктегі түркі көшпелілерінің үрпағы деп санайды. Қытай энциклопедиясында Балқаштың оңтүстігіндегі Чу өзенінің бойында туылған Ли-байдың өзі туралы: арғы аталарының Қытайдың Гансу жерінен болып, кезінде ата-бабаларының Орта Азиядағы Ыстықкөл маңына жер аударылғандығын, одан жас кезінде әкесіне еріп Қытайдың Сы-чуан жеріне қоныс аударғандығын жазғандығы айтылады [5]. Ал, Бай жүй іі (白居易) күсән (龟兹) (тарымның терістігіндегі байырғы түркі тілді халық) мен қытайлардың аралас тұқымы [6].

Таң дәуірі – орта жазық әдебиетінің ең бір толықсып-жетілген кезі. Осы кездегі жылқы жыры, шарап жыры, дала жыры, махабbat жыры сияқтылардың барлығында терістік көшпелілерінің иісі аңқиды. Қытай әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар Таң өлеңдерін далалық өлеңдер және ішкегі өнірдегі бау-бақша, атыз-арық өлеңдері сияқты екі зор топқа ажыратылады. Десе де, Таң өлеңдерінің негізгі ағымын терістік даласындағы алысумен өткен өмір өлеңдері қалыптастырғандығы белгілі.

Қытайда Ли-бай (李白), Бай жүй-йілер (白居易) уәкілдік еткен Таң байтерінен (唐诗) кейінгі «Соң жырларында» (宋词) терістік көшпелілеріне байланысты туындылардың тіпті де молыққандығы байқалады.

Хан дәуірінде (б.з.б. 33 ж) хән еліне бағынған тұн тәніркұты Хуганше тәніркүтқа Хән Юанди (汉元帝) патша Жау-жүн (昭君) ханымшаны ұзатады. Терістік Соң дәуірінің (б.з. 1127ж. - б.з.1279ж.) әйгілі саясаткері, ақын Уаң-ан-шының (王安石) осы туралы «Миң ханымша әні» (明妃曲) атты жыр жазады. Оның жай мазмұны мынадай:

Миң ханымша қуларға ұзатылды (明妃初嫁与胡儿),  
Киіз үйлі жұз арба түтел қу аруы (毡车百辆皆胡姬).  
Жанында шерді ақтарар жан жоқ мұлде (含情欲说独无处),  
Пипа үнімен мұндасып сыр шертісер (传与琵琶心自知).  
Қолдана алтын білесік сынғыр қағып (黄金捍拨春风手),  
Аспанда аққу, араққа шалқыған қу (弹看飞鸿劝胡酒).  
Күтуші қызы жасырып жасын төксе (汉宫待女暗垂泪),  
Қарай беред артына аттанған жан (沙上行人却回首).  
Кү мейірі хандардан күшті ме екен (汉恩自浅胡自深),  
Өмір көркі - көнілдің қосылуы (人生乐在相知心).  
Бейбак қабір жапанды жерге айналып (可怜青冢已荒没),

## Құмарұлы Я. Тұркі көшпелілерінің Таң-Соң дәуіріндегі...

Қайғы күйі бүгінге қала берді (尚有哀弦留至今)».

Хан дәуіріндегі осы оқиганы одан мың жылдан кейін жырга қосқан Уаңан-шының (王安石) жыр жолдарындағы: «Кү мейірі хандардан қүшті ме екен (汉恩自浅胡自深), өмір көркі - көңілдің қосылуы (人生乐在相知心)» деген жыр жолдарын кейінгі қытай әдебиеттанушы ғалымдарының бір бөлімі ақынның идеясындағы қуларға берілу кінәраты деп таныса, ал бір бөлімі ол тар мағынадағы жұбайлышқ байланысты мензеген деп қарайды. Бұл туралы макаланың соңында тағы да бағындалады.

Қытай әдебиетіне терістік көшпелілері мәдениетінің ең зор әсер еткен мезгілі таң дәуірінен соң дәуірінің соңғы мезгілдеріне дейін (б.з. 618ж. – б.з.1279ж.). Бұлардың ішіндегі «Қонағасы күйіне» (燕乐) [7] ілесіп Сүй-Таң (隋唐: б.з. 581ж. – б.з.618ж.) мезгілінде қалыптасқан жырдың (词) Қытай орта жазық әдебиетіне жасаған ықпалы ерекше қүшті болған. Ол Соң дәуірінде (б.з. 960ж. – б.з.1127ж.) толық қалыптасып, толысып шарықтау шегіне жетті. Соң дәуірінің соңында қайта әлсіреп, монғулдардың Юан дәуірінде (б.з. 1206ж. – б.з.1368ж.) құлдырап, Мин дәуірінде (1368–1644) жойылды.

Аргы-бергі қытай оқымыстылары жырга (词) қыруар анықтамаларды береді. Бұлардың ішінде: музикалы әдебиет (是一种音乐文学), ыргақты жыр (曲子词), халықтық әдебиет немесе кара өлең (是一种俗文学), халық жыры (词者诗余也), қонағасы күйіне қосылып айтылатын жыр (词是配合燕乐的歌辞), қонағасы күйі (词即燕乐) сияқты алуан турлі анықтама бар.

Алайда, бұлардың барлығынан қытай әдебиет тарихындағы жырдың (词) ән ыргағымен айтылатын өлең сөз екендігін білеміз. Бұл қазақтың қисса, терме және басқа түрмис-салт жырлары сияқтыларына сәйкес келеді.

Жыр (词) Соң дәуірінің жырларына қаратылған есім болғанымен, ол онтүстік-терістік патшалықтар дәуірінде (б.з.420ж. – б.з.589ж.) пайда бола бастап, Таң дәуірінің орта мезгілінен кейін шынайы мағынасындағы әдеби жанрга (文体) айналды. Таң (唐) және Бес патшалық (五代) дәуірінде көбінде «ән» (曲, 杂曲, 曲子词) деп аталды. Соң дәуірінде «жыр» (词) аталып, өзінің шарықтау шегіне жетті.

«Жыр» (词) мен «бәйттің» (诗), яғни, «таң бәйттері» (唐诗) мен «соң жырларының» (宋词) айырмашылығы, «жыр» ең алғаш Сүй (隋) дәуірінде (б.з. 581ж. – б.з.618ж.) пайда бола бастаған жүрт арасындағы (оқымыстылар емес) туынды болғанымен, Таң дәуіріне келгенде бұған оқымыстылар да қызыға бастаған. Сонымен алғашқы «жыр» (词) - бәйт (诗), «бәйт» - жыр болған. «Жыршылық» (词家) пен «акындық» (诗人) бір адамның бойынан табылған. Осы мағынадан алғанда, «жырды» «бәйттің» (诗) заман талағына

сай өзгерген, түлеген түрі деп айтуға да болады. Ди бай(李白), Бай жүй-иілер (白居易) сияқты тан ақындары әрі ақын ақындар, әрі майталман жырышылар екендігі белгілі.

Жырдың (词) төркіні туралы да баяндар көп. Мысалы, «жыр қулардан келіп шықкан» (词出自于胡夷里巷) [8] «Көне Таңнамада»: «Кайюаннан (717-жылдан) бастап әншілер қулардың күйін аралас пайдаланатын болды» делінеді [8]. Бұл арадағы «қулардың күйі» деген «қонағасы күйін» көрсетеді.

«Жыр» (词) «қонағасы күйі» немесе «дастарқан күйі» (燕乐) негізінде құралған. Ал, «қонағасы күйі» (燕乐) Сүй-таң мезгілінде қалыптасқан. Оның бұрынғы орданың «қасиетті күйлерінен» (雅乐) айырмашылығы – терістік көшпелілерінің ұлттық күйін барынша қабылдаган.

Ертеде Қытайда жыр түтегідей ырғақпен айтылатын болған. Кейде, жыр ырғаққа сәйкестендірілген; кейде, ырғақ жырға сәйкестендірілген. Жыр әуенінің (词牌) аты әдетте жырдың мазмұнына сай аталатын болған. Кейін жыр ырғаққа сәйкестендіріліп, жырдың аты мен ырғақтың аты қатыссыз болған. Оның үстіне көп санды жыр күй аспабынсыз-ақ ырғақпен айтыла беретін болған. Бұл Қытайдағы соң жырларының қазактағы қара өлең, терме сияқтыларға ұқсайтындығын аңғартады. Онда белгілі ырғаққа да, өлең тексіне де қатып-семіп қалмайды. Ырғаққа тыңдан өлең құрап айта беруге болады.

Қытай ғалымдары «жыр» (词) сынды осы бір тың әдебиет-көркемөнерлік жанрдың тым қысқа уақыт ішінде жедел қалыптасып, қаулап өсіп, бір дәүірдің өкілдік сипатты әдебиетіне айналуы адамды кайран қалдырады, бұл жырдың (词) бойында жай бәйттен (诗) асып түсетін көркемөнерлік артықшылық, яғни ерекше көркемөнерлік рухтың болғандығында деп қарайды. Іс жүзінде, бұндай тұйықсыз пайда болып, тез жетілуі, оның орта жазықта терістік көшпелілерінің «қонағасы күйіне» ілесіп тыңдан тұйықсыз пайда болуы емес, қайта орта жазықта терістік көшпелілерінің «қонағасы күйімен» бірге жетілген, қалыптасқан күйінде енүі екендігінен болса керек. Осындағанда жаңаша рухпен тез жетілген жыр (词) сынды әдебиет-көркемөнерлік жанрдың жарыққа шығуы байыргы классикалық әдебиеттегі өлеңдік әдебиеттің (诗文) қалыпты жалғасу жүлгесін бұзып, қытай әдебиетінің даму бағытын өзгертуі деп жазады қытай мамандары [10]. Бұрынғы дәстүрлі қытай әдебиеті орда әдебиеті негізінде әдебиет болған. Ал, жыр мен «қонағасы күйі» халықтық тұс алған. Жыр (词) мен жазба бәйттін (诗) айырмашылығы, жоғарыда айтылғандай, «қонағасы күйі» мен «қасиетті күйлердің» (雅乐) парқына ұқсайды. «Қонағасы күйі» мен орданың «қасиетті күйлерінің» (雅乐) парқы – «қонағасы күйі» «қасиетті күйлерге» (雅乐) қарағанда батыс

## Құмарұлы Я. Тұркі көшпелілерінің Таң-Сон дәуіріндегі...

терістіктің ән-күйін барынша қабылдаған. «Қонағасы күйіне» ілесіп пайда болған жыр (词) ел арасында, шарапжайларда пайда болып, қалыптасқан. Ол жазба бейттей (诗文) «қатаң», «салуатты», «әсемделген» әдебиет емес. Алайда, жазба бейттегі (诗文) айтылмыш «кісілік жосын», дәстүрлі «қоғамдық қатынас өлшемі» дегендердің шырмауын бұзып, адамның шынайы жан сезімін жалаңаштап көрсетіп бере алады. Міне бұл жырдағы әсемдік еді. Қытайдың дәстүрлі әдебиетіндегі көркемдік «дәстүршілдік» болса, ал жырдағы көркемдік «шынайылық» еді.

Жырда (词) мұң-зар, арман-тілек, сағыныш-сарғаю, махаббат мұңы, өмірдің, тағдырың, жаратылыстың қатыгездігі, жалғандығы, алданышы көбірек баяндалады. Оның көркеменерлік рухы адамдық жол-жосындағы қақтығысты тазартуды көркемдік үлгі етуден бейнеленеді. Бұл да дала әдебиетінің, әсіресе байыргы қазақ ауыз әдебиетінің ерекшелігі.

Қытай байыргы әдебиетіне кез жібергенде, одан әдебиет пен күйдегі (ырғақтағы) қою байланысты аңғаруға болады. Күйдегі әр реткі даму, өзгеру әдебиетке ықпал жасаған, оны түлетіп отырған. Хан дәуірінен кейінгі әдебиеттегі әр реткі бүрүлістың, түлеудің себебі түгелдей күйдегі жаңғырудан болған.

Миң патшалығы (б.з. 1368ж. – б.з. 1644ж.) кезіндегі Уаң-шы-жын (王世贞): «уш жұз байттен» кейін «өлең шығару» (骚赋) болды, «өлең шығару» орда күйіне енгеннен кейін «көне орда күйі» болды; «көне орда күйі» салтқа үйлеспегендіктен «таң өлеңі» (绝句) орда күйі етілді; «таң өлеңінде» икем аз болғандықтан «жыр» (词) пайда болды; «жыр» (词) терістіктіктердің құлағына жақпағандықтан, «терістік күйі» пайда болды, «терістік күйі» онтүстіктіктердің көңлінен шықпағандықтан «онтүстік күйі» пайда болды деп жазады.

Жыр (词) қашан қалыптасқандығы туралы әліге дейін бірлікке келген көзқарас жоқ. Біркүйдіру мамандар жырды (词) «қонағасы күйіне» (燕乐) ілесіп сүй-таң мезгілінде (б.з. 581ж. – б.з. 618ж.) (581–907) қалыптасқан деп қарайды. «Жалпы жарғыда»: «Таң уынды (唐文德) патшаның алғашқы кезінде, қонағасы күйі Сүй патшалығы кезіндегідей (隋: 581–618) тогыз болім болды. Олар бірінші, қонағасы күйі, екінші, чин-шаң (清商) күйі, үшінші, ши-лияң (西凉) күйі, төртінші, фу-нан (扶南) күйі, бесінші, корей (高丽) күйі, алтыншы құсән (龟兹) күйі, жетінші, бұхара (安国) күйі, сегізінші, шәлік (疏勒) күйі, тоғызыншы, қаңлы (康国) күйі болған. Таңтайзор заманына жеткенде оған құжу немесе идиҳұт (高昌) күйі қосылып он болім болды» делінген [11]. Орта жазықтың жерлік күйі чин-шаң (清商) күйі мен батыс терістіктері (көшпелі) ұлтардың күйінің тоғысуынан қалыптасқан бұндай

«қонағасы күйі» Кайоаннан (713-жылдан) кейін тіпті де шарықтау шегіне жетті. Демек, хан-үи замандарынан (б.з.б. 206ж. – б.з. 265ж.) бергі Қытайдың дәстүрлі негізгі ағымдағы чин-шаң (清商) күйі болған да, Сүй-Таң мезгілінде (б.з. 581ж. – б.з. 618ж.) батыс терістікте аз ұлтардың (көшпелілердің) күйі арт-артынан орта жазыққа еніп, бір мезеттік сіңісу, сұрыпталудан кейін, бір түрлі тың музика жүйесі – «қонағасы күйі» қалыптаса бастады. «Қонағасы күйінің» жалпыласуы әдебиетті түлетті. Сонымен «қонағасы күйіне» үйлесетін бір түрлі ырғакты жанр (韵文) жарыққа шықты. Бұл сонында жырдың (词) пайда болуын келтіріп шығарды. Жырдың (词) терістік көшпелілерінің ән-күйінің орта жазыққа енуімен бірге пайда болуы тегін емес еді. Бұл оның терістік көшпелілерінде бұрыннан бар екендігін, терістік ән-күйімен бірге орта жазыққа келгендейдігін анғартады.

мен ережелері қалыптасқан дәстүрлі түркі сопылық ілімнің қазақ түсінігіндегі, діни танымындағы көрінісі. Осы мәдениет кешегі жетпіс жылдық қызыл империяның темір құрсаулықыспағынан құтылып, ғылыми атеизмнің көзделеген “синтезі” мен көрігінен ерімей аман сақталды. Қазақ өз болмысынан алystамай үлттығы мен дәстүрлі тарихи сабактастығынан қол үзіп қалмайынша Иасауи мұрасы мен мәдениеті тіршілігін жалғастыра береді. Иасауи тағылымы мен мұрасы – жүректің түкпірінде жатқан терең (деруни) субстанционалдық Аллага деген ғашықтық.

Көріп отырғанымыздай, кешегі коммунистік режим тарихтағы көлам мен суфизмнің “улама мен суфилердің” қактығыстары мен түсініспеушіліктерін зерделеп, өте нәзік ұсталықпен өз мұddeлеріне пайдалана білді. Жалпы ориенталистика шығысты андып, сырттай бақылап өте арзан әрі оңай олжа қылып келген. Бұл мәселе тарихтан белгілі. Мұндай әрекет бүгін де басқа формада жалғасын табуда. Соңдықтан егер біз өткенімізден тағылым, тарихтан сабак алууды үйренгендей болсақ, онда, “Сіз, біз деген халайықтан қаштым мен” деп, ескертіп кеткен Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың аманат-өсіетін жадымызда сақтап, “менің жолым хақ, сенің жолың шатақ” деп, екі жікке бөлінбей өзара толеранттылық (кенпейілділікпен) діни төзімділікпен өзіміздің біртұтас қазақы мәдениетімізді зерделеуде, зерттеуде өте мүқият әрі ояу болуды сезінгеніміз абзал.

Себебі, қазіргі таңда дін мәселесі әрбір қоғам өкілін бейжай қоймайтындағы дәрежеде өзектілігін сезіндіре бастады. Республикалық негізідегі мемлекетте зайырлылық принципі бойынша жүйеленген дін және мемлекет қатынасының тарихы өте жас әрі тәжірибесі де кем. Негізінен зайырлылық ұстанымы бойынша жүйеленген мемлекетте діни таным мен ғылыми таным басқа танымдық институттарға қараганда басым болады. Бұл құбылыс ертелі-кеш басталуы тиіс болатын. Соңғы кездерде бұқаралық ақпарат қуралдарында қазақ мұсылмандық түсінігінің, ой-санасының жүйесі мен негізін қалаған сопылық туралы толассыз мақалалар тізбегі жарық көрді. Бұл мақалалар сопылықты яғни, қазақтың ғасырлар бойғы қалыптасқан діни тіршілік формасына наразылық, оны жоюға үндеу сипатында жазылды. Мақалада зікіршілерге қарап, зікірді, сопыларға қарап суфизмді жоққа шығару тенденциясы мен ұстанымындағы көзқарастар орын алды. Бұл құбылыстың негізі себепкерлері маман еместер және олардың сопылық төңірегінде қате ой-тұжырым, қорытынды жасаулары болса, екінші жағынан бүгінгі «Иасауи жолы» өкілдерінің өздерін қоғамға дұрыс таныта алмауы мен Иасауи ілімін жете менгермеуі болатын. Бұдан шығудың ең дұрыс жолы діни таным мәселесінде туындаған сұрақтарды тек оның мамандары ғана

## **Кенжетай Ә. Иасауи мәдениетінің бүтінгі зерттелу жайы.**

жауаптандырып, әрбір құбылысты ғылымның елегімен саралтау қажет. Өйткені, дін – адамдагы “менікі” деп танылатын болмыстық және әлеуметтік анықталумен нақтылануды қүштейтін институт. Ал “менікі” құбылысы қоғамдағы діни топтардың оқшаулануы мен даралануына апарып соғады. Бір дін, бір мәдениет, бір тіл болса да, діни танымның табигаты бойынша ерекшеліктер болады. Ал зорлықпен бір танымды барлық қоғамға таңуға тағы болмайды.

Гылым қоғам үшін жасалуы тиіс деген ұстанымды негізге алсақ, “Жас Алаш” газетінде (7 мамыр 2005) “Күн де, Ай да Алладан биік емес немесе біздегі соғылықтың көпкүдайшыл астары”, (24 мамыр 2005) “Халықты қашанғы адастырамыз”, (9 сәуір 2005) “Исматулла кім және ол Қазақстанға қашан келді?” атты мақалалар жарық көрді.

Мақалада сопылық тарихында кездесетін және «жаңа» сындар да бар: “олар Қожа Ахмет Иасауи хикметтерін қасиетті Құранмен қатар ұстайды; алқа-қотан отырып зікір салуды мұсылманның бес парызынан жоғары қояды; сопылықы исламға жат ағым, ол жолдағылар екі жүзді, такия жасайтындар, олардың тегі исмаили, шиалар, неоплатонизмнен енген, зікірлері шаригатқа сәйкес емес, олар маҳдишилер…

Мақалалардың тұжырымында сопылардың мақсаты – исламды негізінен тайдыру екендігі, сопылықтың исламның негізгі постулаттарын құлатқысы келетіндігі айтылды. Авторлар бұл жерде өздерін таза исламды қорғаушы сол үшін уайым жейтін діндарлар ретінде танытқысы келген. Тарихиың тенденциясы мен тарихи таным ескерілместен қазақ енді ғана исламды қабылдан жатқан ел ретінде танытылды. Мақалада тарихта қазақтар, барша түркі халқы осы сопылық арқылы мұсылман болғандығына, ата-бабамыз осы жол арқылы бізге исламды үйреткендердің ініғіне көзіл болғанбекен. Сопылардың исламның иман, гибадат, Құран, Сунна, пайғамбарлық негіздерінің қайсысына қарсы шыққандығы нақты көрсетілмеген, дәлелденбеген. Себебі сұрақтарының өзі дұрыс қойылмаган.

Мақалада авторлар мақсатына жету үшін әртүрлі мәліметтерді әртүрлі ұстанымға негізделген діни танымдық ағымдарды шығу тегіне қарамастан, әсіресе олардың тарихы мен кеңістігін ескермesten дінге, оның ішінде теологиялық, теософиялық негіздер мен доктриналардан хабарсыз көпшілікті сопылықтан аулақтатуға тырысып бағады. Иасауи туралы ешқандай ғылыми, діни, тарихи, эпистемологиялық және феноменологиялық саралтаудың принциптеріне сай келмейтін теологиялық тұжырымнан ғөрі “мақсатты телеология” тұнып тұр.

Негізінен, ең бірінші әрбір дін зерттеушісі діни сенім – ақида және діни таным арасын ажыратып көрсете білуі керек. Діни сенім біреу. Сондықтан ислам да біреу. Оның біріншісі, екіншісі жоқ. Ал діни таным көп, сондықтан мұсылмандық формалары да көп. Бұл өте табиғи құбылыс. Ал мақалада көрсетілгендей Қадирийа, Сұхрауардийа тариқаттары діни сенім-акидасы жағынан ахл-сунна, сунни яғни, имам ағзам Әбу Ханифаның мектебіне жатады. Діни танымдық жағынан тариқат, яғни, өзіндік психотехникалық рухты тәрбиеудің принциптері мен мұраты қалыптасқан, Аллаға қарай бағытталған жол. Аллаға қарай бет бүрған жолдардың ешқайсысы ислам дінінде ересиологиялық категорияға кірмейді.

Сопылық туралы нақты пікір айту, екінің бірінің қолынан келетін іс емес. Бұл өз алдына жеке, терең ғылым. Сопылық тариқатқа тақуалар ғана ене алады. Өзі пұтқа табынушы “мушрик, діннен безген өзі муртет” адам тариқат жолын қалауы – ақылға сыйымсыз, абсурд. Өйткені, суфи тариқатқа өз еркімен кіру шарт. Өз еркімен яғни, мурид болу керек. Бұл жолда зорлап ешкім ешкімді суфи қыла алмайды. Тариқаттан бүрын шаригат бар. Осыны терең мәңгергендер ғана тариқаттан жоғын іздейді. Сопылық партия немесе саяси топ емес. Сопылық ешқашан исламға сырттай оппозициялық сипатта болған емес. Сопылық –исламның мазмұны, мәні. Ал форма мен мазмұн біртұтас нәрсе.

Суфизмді жоққа шығару мақсатында кезінде кеңестік режим тұсында ғылыми атеизм мамандары және ориенталистер жеткілікті дәрежеде қалам тартқандығына жоғарыда тоқталғанбыз. Өйткені сопылық тариқаттағылар ғана кеңестік режимге қарсы толассыз наразылық білдірген болатын. Сопылық исламның, мұсылмандардың ең қыын-қыстау кезінде қорғаушысы бола білген. Сондықтан сопылықтың сыртқы қырына қарап-ақ оның мұсылмандық тарихындағы орнын тануға болады. Мысалы, тарихта монғол шабуылына қарсы, кубрайя, крестшілерге қарсы шазилия, орыстардың отарлауына қарсы иасауға, нақшбандиа, қалмақтарға қарсы нақшбандиа, Африкада француз империалистеріне сенусийа, тижанийа ағылшындарға қарсы сұхрауардийа тариқаттары үздіксіз соғыс жүргізді. Міне тарихта мұсылмандар үшін сыртқы дүшшандарға қарсы тұру тариқаттар арқылы мүмкін болған еді. Бұл соғыс мәдениетін, еркіндігін, азаттығын, Отанын қорғау үшін жүргізілді. Сондықтан сопылық – исламға оппозиция емес, керісінше мұсылмандардың рухани тірегі. Сопылық ислам өркениеті мен мәдениетінің мұсылмандықтың намысы, діннің ішкі мәні, өзегі.

Жалпы тарихта сопылықтың исмаилиям мен қатысы жоқ. Сопылық – теософиялық ұстанымдағы танымдық жол, ал, исмаилия – саяси ұстанымдағы

## **Кенжетай Д. Иасауи мәдениетінің бүгінгі зерттелу жайы.**

топ, яғни фирмә. Сопылық болса, фирмә да, секта да, мазхаб та емес. Суфизмге ғасырлар бойы сындаржак, қағидашыл сын айтылды бұл сындарға жоғарыда арнайы тоқталды, жауп берілді. Қағидашылдардың ісі белгілі олар, исламды қағида, құрғақ ереже, тәннің бес уақыт бүгіліп, ілтуі деп түсініп, соған қарсы Алладан сауап, жәннат сұраған “саудагерлер” сияқты. Ал ғибадат – Алланың жәннатына жолдама алудың құны емес, ғибадат себеп қана. Жәннатқа лайық болу, Алланың назарына ілугімен оның ризашылығына, құтына ие болумен ғана мүмкін болар. Суфилер әлемге ғашық, сонымен қатар ішкі көзбен “тайыпты”, “дидарды” сезініп, оған ғашық бола алады. Сопылықтың мұраты – Алла, исмаилияның мұраты – билік. Суфилердің онтологиялық, эпистемологиялық жүйесі исмаилияның негіздеріне мұлдем қарама-қайшы. Оларда әлем бар. Оның жаратушы “рабби-л аламин” яғни, әлемдердің жаратушысы Ұлы Алла. Ол әуелі Мұхаммедтің нұрын жаратты. Сол нұрдан әлемді жаратты. Бұл жаратылыста ғарыштық үйлесімділік айқын. Суфилер үшін философия жасау мақсат емес. Олардың дерті – хәл. Ілімі де – хәл. Қалғылымы адамды Жананға (Хаққа) жақыннатпайды. Өйткені, оның объектісі – жаратылған әлем. Ал хәлдің объектісі – Хақ. Бұл танымдық мәселе.

Суфи сонымен қатар Махдиді күткен құтқарушы дәрменсіз адам емес. Ол өзінің танымы мен хәлін тек Алламен ғана өлшейді. Суфилер үшін соңғы мақам соңғы пайғамбар хатам-ул анбийа – Хз.Мұхаммед ең теберік нұсқа, ең теңдесі жок ұлті, өнеге адам. Суфилер үшін Алладан басқа хидаятқа жеткізетін, құтқаратын ешкім жок. Алла – аманат ретінде Құран мен Сунна жолын көрсетті. Қалғаны суфидің өзіне байланысы. Мәді, Махди идеясы сунниттерге өсіреле, Иасауи жолына жат нәрсе. Бұл идея шииттік доктринасындағы түсінік. Иасауи ілімінің мұраты – Махди пайғамбарға қызмет ету, құрал болу емес, жалғыз Хақ тағала Алланың нұрына, жамалына, дидарына “қанығу”. Алладан басқа олар үшін Құраннан асқан хидаят (махди) жолын көрсетуші жок. Сондықтан Иасауи хикметтерінде “анта ал-Хади анта-ал-Хақ, Лайса ал-Хади илла Хақ” – дейді. Бұл Алладан басқа жол көрсетуші, хидаятқа жеткізуі жок деген сөз.

Иасауи жолы ешқашан мемлекетке, оның саясатына “қиғаш емес”. Сопылық егер қазақ мемлекеті мен саясатына қиғаш болса, онда мемлекеттілігіміз бен мәдениетіміз де “қиғаш” болғаны. Өйткені, сопылық қазақ руханиетінің негізіндегі өзектің ең маңыздысы, қазақ мұсылмандық түсінігінің айнасы. Иасауи тариқатындағылардың төрт ұстанымы бар: біріншісі – рабт-сұлтан, яғни мемлекет басшысына адалдық, екіншісі – Отан – кеңістікті иелену, үшіншісі – уақытты менгеру, төртіншісі – ихуан өзара

бауыр, туыс болу. Міне осындағы негізде ислам қазақ даласына таралып, мұсылмандық түсінік қалыптасты.

Сопылықты түсінгісі келетін әрбір зерттеуші алдымен тауил мен тафсир, ақыл мен нақыл, хәл мен мақам, зат пен сипат, жауһар мен ағраз арасындағы мәнді айыра білуі шарт. Жоғарыда айтқанымыздай исламда түсінудің екі формасы – тауил мен тафсир бар. Бұл екі метод өзара бірін-бірі толықтырып тұрады. Суфилердің тауил методы – ішкі танымға негізделген. Тафсирдің мүмкіндігі жеткен жерінен әрі қарай тауил басталады. Бұл негізінен Фарабидің белсенді “фағал ақыл” мен практикалық сана “мустафад ақыл” арасындағы қауышу, үндесу принципіне негізделген. Мұндағы белсенді сана Алладан, практикалық сана адамнан тұындастын қуаттар. Яғни, Алла мен Адам үндестігінің негіздері. Міне, сопылықтағы әлемді онтологиялық тұрғыдан түсіндіру тәсілі, мазмұны әрқылы болғанымен Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд сияқты ислам философтарының бәріне ортақ қалып. Бұл танымдық түсіндіру жолы ғана мұндай қалыптың діни сенімге ешқандай қатысы жок. Соңдықтан таным мен сенім арасына теңдік қоюға болмайды.

Ал енді бүтінгі зікіршілердің тәжірибесі – толығымен сопылық психотехника. “Жаҳрия зікір” – Иасаудің методы. Иасауийа құқықтық жағынан имам Ағзамның жолында, ақаид жағынан имам Матуридің жолындағы сунни тариқаты. Сопылық, қазақтың ұлттық болмысы мен мемлекеттілігінің, мәдениетінің негізі. Иасауи ілімінде зікір салу – бес парызға қарама-қарсы ешқашан қойылмайды. Сонымен қатар шаригатсыз тариқатқа өтуге болмайды. Демек, бес парызы суфилер ешқашан жоққа шығармайды. Зікір деп Алланы еске алу, ұмытпау әрдайым жүргегінде сезінуді айтады. Эр демінде, әр хәлінде Алланы еске алғып жүрген адам біреуге киянат жасамайды. Яғни харам іске бармайды. Өйткені Алланы әрдайым есінде, жүргегінде сақтайды. Зікір салу – Алланы ұмытпаудың әдісі. Адамға арабша – инсан дейді. Этимологиясы – “ұмытшақ” деген сөз. Соңғы пайғамбарымызға түскен Құранның бір аты да “Зикр”, яғни, Алла адамзатқа осы Зикр-Құранды ақиқатты, Алланы ұмытпауы үшін түсірген. Ал Алланы ұмытқан адам діннің, шаригаттың қагидалары мен канондарына ден қоймайды. Зікір – Ауғанстаннан ауып келмеген, ол кешегі кеңестік зобалаңың өзінде де тіршілігін жалғастырып келген біздің мұсылмандығымыздың арқауы болатын. Зікір – үзілген жок. Бүтін жанданып отыр. Діни құбылысқа баға беріп, үкім айту үшін оның тарихын, өткен доктриналық, құқықтық, саяси жүйесін тұтас әрі үздіксіз шолып оту қажет. Зікір – терминдік мағынасы бойынша сыртқы және ішкі психотехникалық, құдайлық танымға жету

## **Кенжетай Д. Иасауи мәдениетінің бүгінгі зерттелу жайы.**

жолындағы әдіс ретінде ислам сопылық дәстүрінің негізгі ұғымы. Исламда Құранды түсінудің тафсир және тауил екі жолы бар. Тауил Құран аяттарының ішкі-батини мәнін түсіндіреді. Абай да Құранды түсінуде осы тауилді алға тартады. Бұл негізінен діни танымның ерекшелігі, суфилердің гносеологиялық мұратына қатысты.

“Шамды сөндіріп, ерек пен әйел бір бөлмеге жиылып, “hy, hy! ” деп естүстеріңен айырылып, алқа зікір салындар! деген жоқ” – деген өзіндік пікірін айтады. Мұндай жала, кезінде Иасауи бабамызға да жабылған. Әйел мен еркектің бір кеңістікте Алланың құзырында болуға ешкім кедергі жасай алмайды. Ол да “Зікірдегілердің жүргегінде жыныстық қайғы емес, адам ретінде Аллаға ғашық жандардың ұлы мұраты, Хакпен үндесу, одан үлес алу, шексіздіктің дәмін татуға деген ұмтылыс қана бар”-деп жауап берген. Иасауи осы дәрісті “Баба Машиңға әйгілі “мақта мен шоқ” аналогиясы арқылы берген. Бұл мәселенің барлығы “діни танымға негізделген “ғибадат феноменологиясынан” туындейды. Құранды егер пайғамбар болмаса ешкім түсіндіре алмас еді. Құранның бірінші муфассирі (түсіндірушісі) пайғамбар. Ұғыну мәселесі оңай емес. Түсіну дәрежесі де әркелкі орган дауа жоқ.

Иасауи XIV ғ. бастап бүтінге дейін Иасауи түркі сопылығын насихаттаушылары мен зерттеушілерінің негізгі объектісіне айналып келеді. Ол туралы ең ескі қолжазба нұсқалары XIV ғасырга, Хикметтері XVII – ғасырга тән. Құранды, хадисті қазақ мұсылмандық тарихында түсінуге тырысқан және түсіндірген Иасауи мен Шәкәрім, Абайлар болса, әрине алдымен осы даналарымыздың енбектерін игеруге ден қоямыз. Бұл – қажеттілік. Тарихи тұрғыдан сабактастықты, діни тұрғыдан ұғынуды, мәдени тұрғыдан қазақтық мұсылмандықты түсінуді қамтамасыз етеді. Жалпы сопылық таным төңірегінде пікірталастар, сындар болған, бола береді де. Иасауи, Асан қайғы, Сопы Аллаяр, Абай, Шәкәрім, Мәшіүр Жүсіп осы сопылық жолдың өкілдері. Сондықтан бүтінгі сопыларды Шәкәрімді, Абайды оқиды деп жазғырудың жөні жоқ. Бұл жолда өзін-өзі бақылау, сын көзбен қаруа шарт. Мысалы, Абай, сопылыққа сынмен қарайды. Абайдың сопылыққа тағып отырган сынны жаңа сын емес, ол сонау традиционалистер мен сопылар арасында IX ғасырдан бері келе жатқан сын. Абайдың сопылықты сындауында мақсат бар. Бұл мақсатты Абай өзінің уақыты мен кеңістігіндегі ахуалдан алғып отыр. Абай ғана емес, жалпы Шығыс әлемі Батыстың технологиясынан, ғылымынан артта қалудың басты себебі ретінде исламның рухы болған сопылық дүниетанымды көрсеткен болатын. Бұған сыртқы миссионер-ориенталистердің де ықпалы күшті болды. Сопылықты жоққа шығару арқылы исламдың тұтастықты ыдырату мақсат етілді. Негізінен Абайдың

дәүірінде сопылық мәдениет әбден тозығы жетіп, өзінің таза рухынан алыстап, кім көрінгеннің құралына айналып, дін-қогамды ыдыратудың саясатына айналған болатын. Тариқаттар саяси билік басындағы жекелеген хан, сұлтандарға ғана қызмет ете бастаған. Сопылық өзінің адамдық моральдық мұрраттарынан жүрдай болған еді.

Иасауи жолы – дін іші тұтастыққа және діндер арасы татулық пен толеранттылыққа шақырады. Бұл жолдың ұстындық негізі – шаригат, психотехникалық жүйесі – тариқат, танымдық негізі – мағрифат және ақиқаттан тұрады. “Шаригаттың тариқатқа, мағрифаттың ақиқатқа өтүге болмайды”, – дейді Иасауи. Иасауи ілімі бойынша шаригат – Алланың жаратқан бақшасында қалай жүруді ұсынады. Алла адамға ақыл, ерік, қайрат беру арқылы сынап, осы бақшаны адаспай аралағандарға жәннетті нәсіп етеді. Яғни, шаригаттың мұраты - жәннат. Сол бақшаның ішінде “тұл” бар. Ол гүлді тек қана Алланың дидарын талап еткендер ғана іздейді. Бұны тек Аллаға ғашық болғандар қалап алады. Олар үшін Алланың жұмағы да, тозағы да емес, Өзі керек. Яғни тариқаттың мұраты Алланың дидары. Сондықтан да оларды “дидар талап” дейді. Сынға төзгендер ғана “сырға қанығады”. Бұл мағрифат сатысы. Ол сыр арқылы Алла туралы танымға, “нұрға” қол жеткізеді. Ақиқат сатысында Алла мен адам арасындағы ақиқатқа көз жеткізеді. Бұл мақам Мұса (с.ғ.с.) мақамы: Құранда “Мен Сені (Алланы) көргім келеді” аятына негізделген. Міне, қарап отырсаныз, Иасауи ілімі бірінсіз бірі болмайтын процестер мен тұтастық теориясынан тұрады. Осы әрбір сатыда суфидің иман дәрежесі де есіп отырады. Бірінші шаригат мақамындағы иманға “имани бостан”, тариқат мақамындағы иманға “имани гул”, мағрифат мақамындағы иманға “имани сыр”, хақиқат мақамындағы иманға “имани нұр” деділген. Абайдың “имани гүл” категориясы осы тариқат сатысының иманы. Онда Адамды сүй, Алланың хикметін сез! “Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй, сол Алланы жаңнан тәтті” дініне қарамастан адамзаттың бәрін бауырым деп сүю керектігі – осы Иасауи мәдениетінен келген.

Діни танымда революция емес, эволюция шарт. Бұл Алланың қалауы. Егер Алла революциялық өзгеріс пен дамуды қалағанда, Құранды жиырма үш жылда емес, бір сәтте жинап пайғамбарымыздың қолына ұстата салар еді. Бұл жерде адамзат үшін үлкен хикмет бар. Алланың аяны жиырма үш жыл бойы пайғамбарлық (нубууат) арқылы адамзат қоғамымен үндестікте “жанды-сұхбат” арқылы жүрекке, санаға, ділге, сосын сенімге ұядады. Ішкі жүректегі өзгеріс арқылы сыртқы қоғам өзгерді. Жаңа мен ескі, әдет пен ғұрып, арам мен адад, жақсы мен жаман және т.б. құндылықтардың

## **Кенжетай Ә. Иасауи мәдениетінің бүтінгі зерттелу жайы.**

мазмұнында табиғи, эволюциялық тұрғыдағы трансформация жүріп жатты. Бұл тенденция шығыстың ойлау жүйесі мен дүниетанымдық тұғырында басты ерекшелік ретінде танылады.

Егер дін зерттеушісі діни таным мен діни сенім арасын ажырата алмаса, ақ пен қара, дұрыс пен бұрыс екі арасы көрінбей екі ортада қоғамға зиян келтіруі мүмкін. Рухани тұрақтылыққа соққы беруі ықтимал. Тарих пен уақыт, қеңістік пен мәдениет, дін мен таным түсінік арасын түсіндірудің жолы – тарихи сабактастықты жалғау арқылы мүмкін болады.

Тарихтан мәлім, діни танымда өзара құрмет туралы түсінік болмаған жерде, қоғам жікке болінеді. Діни танымдық негіздері мен ұстанымдары әртүрлі топ өкілдері тек өздерінің жолын «ак», ал өзгенің гибадаты мен діни сезімін өздерінен төмен санаға араларында сұхбат, төзімділік, өзара құрмет болмайды. Сондықтан дәстүрлі діни түсінік пен бүтінгі діни тіршіліктің арасында сабактастық пен сұхбат шарт. Оnda да мұсылмандар арасында түсіністік тарихқа негізделу керек.

Иасауи ілімі – сопылық дүниетанымға негізделген. Басты ұстанымы – ғашықтық, мұраты – Алла. Гносеологиялық құрылымы Алла мен адам (жүрек) арасындағы тылсымға негізделген әпистемологиялық жүйеден тұрады. Бұл ілім діни терминологияда “хәл ілім”, батин (ішкі ілім) немесе ладунни (терен) ілім деп аталады. Абай айтқан “терен ой” осы Иасауи ілімінің негізгі ұстыны болып табылатын “ішкі-басират” көздің ашылуына негізделген. Бұл ілім бойынша мәннің мәні – Алла. Сондықтан әлемнен форма емес, мән ізделеді. Бұл толығымен діни танымдық тенденция. Иасауи ілімінде басы артық ақылға сыйымсыз шашау ұғым жоқ. Біртұтас ғарыш, космос. Үйлесімділік басты шарт: Алла мен адам, әлем мен Құран арасындағы үндестік айқын. Иасауи ілімі – Құран мен Хадиске сүйенген – ар түзейтін ілім. “Менің хикметтерімнің мәні Құран” – деген Иасауи Аллаға да, сөзіне де, пайғамбарына да маҳаббатпен үндескен. Біздің міндеттіміз алдымен Иасауи ілімін түсініп алу.

Иасауи ілімі бүтінгі қазақ мұсылмандығының негізі. Сондықтан біз Иасауи жолындағы қазақ мұсылмандарымыз. Иасауи жолы фикхтық жағынан Имам ағзам Әбу Ханифаның, ақайдтық (доктриналық) жағынан имам Матурудидің іліміне негізделген, түркі халықтары арасында кең тараған нағыз түркілік мәдениетпен сомдалған дәстүрлі мұсылмандық түсінігіміздің айнасы. Иасауи ілімі Қазақстандағы дінішілік қана емес діндераралық татулық пен толеранттылықтың темірқазығы. Ол үшін Иасауи мұрасын өз деңгейі мен дәрежесінде менгеріп, тануымыз қажет.

Кешегі жетпіс жылдық қыспақта, бодандықта болған кезімізде, біздің

тарихымызды зерттеген орыс ориенталистері, руханиятымыздың негізінде осы Иасауи ілімі мен мәдениеті жатқандығын дөп басқан. Сөйтіп бұлардың арасына іріткі салу немесе тариқаттар арасында жік салу мақсатында суфилерді олардың зікірлеріне қарап, “Лахчилер, Алаңушылар, Ақудайшылдар” деге белгендегі. Лахчилер – Қыргызстандағы, Аллаһишилер – Өзбекстандағы, Ақудайшылар – Қазақстандағы Иасауи жолындағылар зікір салатын адамға суфи, дәруіш дейді. Олар Иасауи хикметтерін Құранмен қатар қойса, мұнда корқатын ештеңе жоқ. Хикмет – Құдайдан келген құт деген сөз. Құранда “Хикметті қалаған адамыма беремін” – делінген. Иасауи құт дарыған, Алланың досы – әулие. Ал әулие пайғамбар емес, пайғамбарды – кәміл адам деге танитын, улті тұтатын, соган еліктейтін мирасқоры. Жалпы сопылық таным бойынша “Диуани Хикметті” түріктер “Дафтари сани”, “Түрки Құран” деге дәріптесе, арабтар да Имам Фазалидің “Ихиау улумуддин” деген еңбегін “Құранның көшірмесі” десе, парсылар Маулана Румидің “Маснауи” еңбегін “Құранның мәні” – деген. Сопылық танымды түсіне білдетін адамға бұл қындық тудырмайды.

Бүтінгі өздерін «Иасауи жолындамыз» деге жүргендердің “Иасауи тариқаты – қазақтардікі, нақшбанди тариқаты – өзбектердікі” деген ұстанымы түбірімен қате. Ешқандай ғылымға, тарихқа, мәдениетке де, діни танымға да сай келмейтін тұжырым. Сонда Құнанбай, Шәкәрім мен Мәшхұр Жусіп қазак болмағаны ма? Абай да Шәкәрім де Мәшхұр де нақшбанди тариқатынан сусындаған. Жалпы тариқаттарды қарама-қарсы қою, сопылықтың мәнін білмеушиліктен туындауды.

Кешегі дінсіздендіру және құдайсыздандыру саясатынан апартан ұлттығымызды аман сақтап қалған Иасаудің рухы, ілімі, мәдениеті, жолы, кесенесі және ізбасарларының шығармалары негізіндегі абайтану, әуезовтану, түркітану, иасаутану сияқты ғылым салаларының жанды тұтылуы болатын. Иасаутану саласы бойынша Иасауи мұрасы негізінен үш саладан тұрады. Біріншісі, Иасауи жолы, яғни тариқаты. Екіншісі, Иасауи ілімі. Үшіншісі, Иасауи мәдениеті.

Иасауи тариқаты – сопылық психотехникалық тәлім-тәрбиелік жүйесі бар, ұстаз берін шәкірт арасындағы шынжыр (силсила), дәстүрлі сабактастырылып жол. Бұл жолдың бастауы Хз.Мұхаммед пайғамбарымыздан Хз.Алиге одан Хз.Мұхаммед-Ханафиямен жалғасып, Иасауи және оның жолын құған шәкірттерімен шынжыр, рухани жеңіл арқылы созылып жатыр. Иасауи силсиласы – түркі тарихында “алтын шынжыр” немесе “ұлы тариқат” деген атпен белгілі. Тариқат ерекшелігіне, оның ішінде Иасауийа тариқатына алдыңғы тарауларда тоқталып өткенібіз. Осы үш сала қосылып, Иасауи

## **Кенжетай Д. Иасауи мәдениетінің бүтінгі зерттелу жайы.**

мұрасының негізін қалайды. Бүтінгі Иасауи жолы “силсила” түрғысы бойынша қалыптасқан. Иасауи жолы – тариқат деген сөз. Ал силсила, ұстаз бер шәкірт арасындағы тарихи сабактастықтың жалғасын білдірді. Иасауийа тариқатының соңғы шайхы, ұстазы бұдан бір ғасыр бұрын дүниеден өткендіктен силсиласы тоқтаған тариқат дейміз. Бірақ, бұл силсила тоқтағанымен оның ілімі мен мәдениеті тіршілігін тоқтатқан емес.

Міне, Иасауи ілімі мен мәдениеті бүтінгі таңда Қазақстанда қайта жаңданып отыр. Шайхы – Исматулла Торбайұлы. Ұлты қазақ, езі қадирия тариқатынан шәкірт тәрбиелеу үшін берілетін рұқсат (хатт-и иршат) алған. Силсиласы бойынша қадирия жаҳрия тариқаттарында болғанмен, бүтінде Иасауи, Шәкәрім, Мәшіһүр еңбектері негізінде жаңа Иасауи мәдениеті мен ілімін насыхаттауда. Негізінен сопылық тарихында бұл құбылыс көп кездеседі. Басқа тариқат шайхы келесі бір тариқаттың басында иршатта, яғни рухани ұстаз бола береді. Мысалы бір тариқат шайхы күтпеген жерден қайтыс болып орнын басатын кемелдікке жеткен шәкірттері болмай қалуы мүмкін. Сондай жағдайда басқа тариқат шайхының рухани тәрбиесі мен рұқсатын алып қайтадан өз тариқатын әрі қарай жалғастыра береді. Негізгі ілімі – сопылық, әдістері зікір, сұхбат ұйымдасуы қоғамдық негізде Қазақстанның басты орталықтарында өкілдері бар. Жоғарыда айтылғандай бұқаралық ақпарат құралдарында жеткілікті дәрежеде сынға ұшырады.

Тарихтағы Иасауи мәдениеті мен бүтінгі Иасауи мәдениеті арасында айырмашылық болатыны сияқты, «бүтінгі Иасауишілдер» мен тарихтағы Иасауи тариқаты бір емес. Әрине, уақыт пен кеңістік, адам факторы, тарихи сабактастықтың үзілүінен туындаған айырмашылықтың болуы табиғи құбылыс. Бұл топтың Иасауи туралы теориялық ғылыми және агиографиялық зерттеулер, діни сопылық философия, сопылықтың теориялық және практикалық ұстындары рухымен, қоғаммен, уақытпен үндестігі, үйлесімділігі жағынан кемшін тартып жатқан тұстары да жоқ емес. Дегенмен қоғамда өздерін қабылдата алатын әлеуметтік қабаттары бар.

Осы топтың рухани көсемінің қаламынан екі еңбек жарық көргенді: “Құран Сырларының Әліппесі” және «Жария зікірдің дәлелі». Автор сопылық ағымның әкілі әрі Қазақстандағы көсемі болғандықтан бұл еңбектен тауил ұстанымының негізгі мұраттары болуы керек еді. Өйткені тауил методы сопылық шығарманың өне бойын көктеп өтетін, сопылық танымның құралы әрі негізгі желісі. Бірақ әкінішке орай, еңбекте тауил методы мен ұстанымы жоқ. Дегенмен сопылық философияның негізгі категориялары мен дініміздің доктриналық негіздеріне өзіндік баға беріп, түсіндірме жасауга тырысқандығын айтуымыз қажет.

Кітапта негізінен сопылық категориялардың мәні өте қарапайым, құбылыстар, теңеулер, бейнелер арқылы түсіндірілген. Ақиқат сыры мәселесінде сопылық ізденістің негізі болып табылатын Мұхаммед сүресінің 38-ші аятын түсіндіреді: “Алла тағала бай, сендер кедейсіңдер”. Бұл сопылықтагы факр тұжырымының негізгі ұстанымы. Тауил бойынша, адам баласының аңсары Алланың нұры, дидары екендігі айтылып, оған деген маҳаббат, аңсау мен ынтықтықтың мақсаты мен себебі түсіндірілуі тиіс болатын. Сопылық философия бойынша жаратылған әлем Алланың сипаттарының көрінісі. Мысалы, дүние – Алланың құдірет сипатының, адам – ғылым сипатының көрінісі. Алла уақыт пен кеңістікке тәуелді емес, дүние болса, жаратылған, яғни, уақыт пен кеңістікке тәуелді [22. 11]. Әлемдердің жіктелуін қарапайым тілмен түсіндірген: сопылықтағы барзах, курси, лаух, гарыш, сидрат-ул мунтаха, жын, шайтан, періштерелер мен адамзат әлемі болып жіктелген [22. 13]. “Мақсат – құбыла, құбылана көрсететін – жүрек” – деген анықтамасы өте сәтті шыққан аналогия. Шындығында жүректің өзі құбыла, Алланың адамдағы үйі. “Адам ұрпактары – ақылдың себебімен көзге көрінбейтін әлемнің сырларын тауып, анықтаушы” [22. 34], – деген. Бұл жерде адамның екі әлеммен байланысу құралдары, яғни, жүректің екі сипаты ақыл мен жанның қызметтері түсіндіріледі. Адам ақылы арқылы көрінетін, жан арқылы көрінбейтін әлеммен байланыс құрады. Адам екі әлем арасындағы көпір, макро және микроғарыштың орталығы.

Енбекте “Ақыл – бүкіл жаратылыстарға және денелерге ат қоюшы” [22. 45], “Нәпсінің денеге әсері – басқаларға қatal және тасжүрек болу” [22, 59], – деген өте ұтымды жолдар бар. “Адамның бүкіл жаратылыска рухани жағынан ұstemдік етуі, оның ішкі шайтанының шеберлігі мен кемелдігіне тікелей байланысты”, – бұл да құнды тұжырым. Шайтан Алла мен адам арасындағы байланысты кесуші. Өлім досты-досқа жеткізуши [22. 71]. Қоғамның өлімі – қоғамда мәнмендіктің, надандықтың, зұлымдықтың ұstem болуы. Рух – жылу, от – ыстықтық. Тірі адам – от, ауа, су, топырақтың қосындысынан тұрса, өлген адамда ауа, су, топырақ қана қалады. Демек, от – ыстықтық рухтың сипаты, белгісі. Нәпсінің сипаттары мен түрлері Кұран мәліметтері негізінде түсіндірілген.

Бірақ, кейбір тұстарда шабытқа салынып, адасқан жерлері де бар. Мысалы, “... дene – рухты көтеріп журуші зат” [22. 37]. Сопылықта дene ешқашан рухты көтеретін зат ретінде қаралмайды. Бұл үлкен қате тұжырым. Керісінше рух дeneні тасуышы, адамның мәні. Өйткені, сопылықта жан тәнді билесе немесе материяны сана билейді. Осындағы өзіне өзі қайшы келетін

### **Кенжетай Д. Иасауи мәдениетінің бүгінгі зерттелу жайы.**

тұстары да жоқ емес. Негізінен кез келген анықтаманың идеялық, ұстанымдық өлшемі сақталса ғана логикаға сай, ақылға қонымды, Құранға үндес келеді.

Зікір салудың шарттары туралы мәліметтері тарихи деректер негізінде жазылған [23. 28]. Көңіл философиясы зікір негізінде адамның рухани қажеттілігі мен парызы тұрғысынан тұжырымдалған. Құран Кәрімде: “Жүректің тыныштығы тек мениң зікіріммен ғана болады” деп хабар берген. Зікір – жеке адамның да, қоғамның да, әлемнің де тыныштығы үшін аудай қажет амал [23. 38-39]. Ой – жүрек тыныш болған кезде ғана тыныштық табады. Ал, жүрек тек Ұлық Алланы еске алып, зікір қылғанда ғана тынышталады. Ұлық Алланың құлдарынан жалғыз-ақ талабы бар, ол – таза жүрек. Ал енді жүректі тазарту үшін қайтпек керек? Зікір, зікір тағы зікір салу керек. «Жария зікірдің дәлелі» атты еңбегінде зікірдің пайдалары да нақты ойлар айтылған.

Қысқаша қорытар болсақ, жоғарыдағы еңбектердің қоғамның белгілі қабаттарына пайдалы әсері жоқ емес. Еңбектің ғылымилығы мен методикалық жүйесінде кемшиліктер болғанымен, сопылық дүниетаным туралы біршама тиянақты мәліметтер мен тұжырымдар қамтылған. Практикалық жағынан дәстүрлі Орта Азиялық сопылық тәжірибелер болғандықтан қоғамымызға пайдасы болмаса зияны жоқ. Теориялық әдістемелік қырлары мен психологиялық танымдық негіздерін толықтырып, үнемі дамытып отыратын болса, Иасауи мәдениеті мен ілімі бүгін қоғамымызда қайта жаңданып отыр деге болады.

Иасауи мәдениетінің бүгінгі зерттелу және насиҳатталу мәселесінде Иасаутану ғылыми зерттеу орталығының ерекше маңызды орны бар. Иасаутану ғылыми-зерттеу орталығы «Қожа Ахмет Иасауи университетіне көмек қоры» тарапынан құрылып, 2003 жылдың 1-ші шілдесінен бастап іске қосылды. Жалпы суфизм тарихында түркілік тарикаттың негізін салушы көрнекті тұлға, түркі елінің пірі Қожа Ахмет Иасаудің мұрасы мен шығармашылығын зерттеуді және насиҳаттауды мақсат еткен атапынш орталық түркі дүниесінің көрнекті қоғам қайраткөрі Н. К. Зейбектің қолдауымен ашылды. Рухани құндылықтарымызбен қайта қауышып, ойсанамызда жаңғырулар жүріп жатқан қазіргі қоғамда ұлт мәдениетінің бастауында тұрган Қ.А. Иасаудің тарихи тұлғасын тереңірек тануға, болмысының барлық қырын ашуға деген талпыныстың қүшесінде да қажетті жайт. Әсіресе, бүгін Қожа Ахмет Иасауи бабамызды бүрмаламай танытудың, түсіндірудің қажеттілігі артып отыр. Діндарлар арасында төзімділік пен діни сананың әлі қалыптаспай келе жатқан кезінде Иасауді,

ілімі мен мұрасын насиҳаттау, тұлғасын дұрыс сомдау, тарихи қызметі мен қазақ мұсылмандық тарихындағы, руханият әлеміндегі орнын нақты көрсете білуге тырысу, соған ұмтылу орталықтың негізгі міндеті.

Иасауи тұлғасын түрліше контексте қарастыру, оның ілімін кешенді түрде зерттеп-зerdeлеу мақсатында оргалықта бірнеше сала қызмет істейді. Иасаутану орталығы Қожа Ахмет Иасауи атындағы ХҚТУ-дің білікті мамандарымен бірлескен қеңейтілген жиналышын және Қазақстан, Туркия және Өзбекстан ғалымдарынан құрылған Ақылдастар алқасының мәжілісін өткізді. Атапмыш басқосулар, сондай-ақ Түркістан қаласында 2003 жылдың 19-қыркүйегінде орталық тарапынан өткізілген «Иасаутану мәселелері» атты халықаралық рухани-танымдық, ғылыми конференция Иасаутану ғылымында қордаланған мәселелерді айқындауға және болашақ ғылыми зерттеулердің бағытын белгілеуге арналды. Осы орталық тарапынан «Мемлекеттік Мәдени Мұра Бағдарламасында» Иасауи мұрасы кең көлемде орын алды.

Иасауи мұрасы, ілімі және мәдениетімен тереңірек таныстыру мақсатында орталық тарапынан «Иасауи жолы» журналы жарық көріп отыр. «Иасауи жолы» журналының мақсаты – әлемдегі ғылыми сыйың даму тенденциясы мен жетістіктеріне сай Иасаутану саласын философия, фольклор, әдебиет, тіл, социология, мәдениеттану, тарих, музика саласы бойынша жасалған ғылыми және негізгі зерттеулермен таныстыру, Иасауи мәдениетінің іздері мен нұсқаларын табу және ғылыми айналымға енгізу, Иасаутану саласындағы үздік әлемдік және ұлттық жетістіктермен оқырмандарды таныстыру, қоғамдағы адам мәссесін зерттеуге, оның рухани өміріне, халқымыздың рухани жандануы мен еліміздің мәдени және әлеуметтік дамуына, тәуелсіздік идеяларына, қоғамдық санадағы адамзаттық құндылықтардың ара қатынасына және діндераралық құрмет пен өзара төзімділікке бағытталған түбірлі және ғылыми-танымдық зерттеулермен таныстыру болып табылады.

Иасауи мұрасын насиҳаттауда Түркістандағы «Әзірет Сұлтан Қорық Музейі» де ұлагатты іс атқарып келеді. Бұл мекеме жылда екі рет мектеп окушылары арасында облыс көлемінде дәстүрлі «Иасаутану байқауын» өткізеді. Бұл жастардың Иасауи мұрасын, ілімін, жолы мен мәдениетін тануға және сүюге деген оң ықпалын, ұмтылысын арттырып отыр.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Köprülü, F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara, 1991. 7. Baskı. D.İ. Yay., 415 s., 146-147 s.
2. Kara, M. "Tarikatlar Dünyasına Genel Bakış", İslamiyat, c. 2, s. 3, Temmuz-Eylül 1999, s. 67.

## **Кенжетай Д. Иасаудың мәдениетінің бүтінгі зерттелу жайы.**

3. Bennigsen A., Chantal Lemercier-Quelquejay, “Le soufi et le commissaire: Les confréries musulmanes en URSS”, Sufi ve Komisser: Rusya’da İslam Tarikatları., Tercüme eden: Osman Türer., Ankara-1988. “Akçağ Yay”, s.363
4. Topaloğlu A., Ateizm ve Eleştirisi. D.İ.B.yay., Ankara 1999., ss. 13.
5. Köprülü. F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara, 1991.7. Baskı. D.İ.Yay., 415 s.
6. Bolay. S. H. Felsefi Doktrinler ve Terimler Sözlüğü. Ankara 1996. S. 226.
7. Erdem Hüsameddin, Panteizm ve Vahdet-i Vücud Mukayesesı, Ankara 1990, s. 3.
8. Нұрғалиев Р. «Материализм», Философиялық сөздік (Қазақ Энциклопедиясы Бас редакциясы), А., 1996, 260 бет.
9. Мамбеталиев С., Пережитки некоторых мусульманских течений в Киргизии и их история, Фрунзе 1969, стр. 39.
10. Affifi A., Muhyiddin İbnu'l Arabi'nin Tasavvuf Felsefesi, çev. Mehmet Dağ, AnkaraÜ.I.F.Yay. 1975, s. 36.
11. Topaloğlu A., Ateizm ve Eleştirisi. D.İ.B.yay., Ankara 1999., ss. 13.
12. Taylan N., Düşünce Tarihinde Tanrı Sorunu. Ayışığı Kitapları, İstanbul 1998. s 180.
13. Erşahın S. Türkistan'da Islam ve Müslümanlar (Sovyet Dönemi), İlahiyyat Vakfı Yay., Ankara, 1999, ss. 306.
14. Von Mende Gerhard. Komünist Blokta Milliyet Mefküresi. çev: Fethi Tevetoglu, Ankara Basimevi, Ankara 1966.s.128.
15. Тәжікова К.Х. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат. –Алматы: Қазақстан, 1989. -176 бет. 68-121.
16. Fromm E., Marx'ın İnsan Anlayışı. Çev: Kaan Öktan. AritanYay. İstanbul 1997. ss.182.
17. Bartoľd В.В. Шығармалар. Т. II-XII. М., 1966.
18. Corbin. H., Histoire de la Philosophie. Çev: Hüseyin Hatemi., -İstanbul: İletişim Yay.,1994.-456 s.
19. Uludağ S. Tasavvuf Terimleri Sözlüğü. İstanbul, 1996, s. 232. (Hazarat-ı Hams) MarifetYay., (604 бет)
20. İnan A. Kazakların Göçebe Kültürü. 23.
21. Дәуренқұлов Ж. Тұрсынов Е. Қазақ бақсы балгерлері, Алматы, 1999, Ана тілі баспасы. 101-102 бет.
22. Мақсұм Исматулла. “Құран Сырларының Әлішесі” Алматы “Алаш” 2004. -304.
23. Мақсұм Исматулла. Жария зікірдің дәлелі. Алматы, “Алаш”, 2006. 28-б.

### **REZUME**

**D. Kenjetai (Turkistan)**

### **TODAY'S PROPAGANDA OF YASAWI CULTURE**

The points of researchers considered the place of Yasawi study, Yasawi culture in the social historical process from the point of Marxist historical dialectical method view have been dealt with in the article. The author describes today's Yasawi culture propaganda extensively and shares his ideas as well.

## Нәпіл БАЗЫЛХАН

КӨНЕ ТҮРІК БІТІКТАСТАРЫ МЕН ЕСКЕРТКІШТЕРІ:  
ТАРИХИ-ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУЛАР

В данной статье рассматриваются проблемы происхождения древнетюркской письменности являющейся самобытной фономорфемная тамгообразной письменностью - *türük bitik* тюрк битик. Она точно фиксировала фонологические закономерности этого языкового яруса древнетюркских этносов. Письменные памятники свидетельствуют о существовании собственно тюркской историографии, которую можно разделить на общегосударственную и историографию отдельных этнополитических объединений. При изучении памятников необходимо рассматривать их в разных аспектах: археографическом, палеографическом (правильное снятие и фиксация эстампажных копий, выпуск эстампажных каталогов), текстологическом (всесторонняя интерпретация, сравнительно-историческое изучение текстов), этноархеологическом (изучение этносемантики тамг в комплексе) и историко-культурном.

Көшпелілер еркениетінде түрік текстес этностардың тарихи-мәдени ескерткіштері Орталық Азия жерінде өте мол кездеседі. Өсіресе көне түрік ғұрыптық кешендері мен бітіктастары, әр түрлі ескерткіштерінің ең ірілері қазіргі Монголияның киелі алқабында молынан шоғырланғаны зерттеушілерге белгілі. Сол себептен де түріктанудың көптеген археологиялық деректанулық зерттеу объектілері осы аймаққа баса назар аударады.

Түріктануда түрік бітіктану саласының өзекті мәселелері әлі де көп, сондай-ақ түрік бітіктің шығу тегі, даму барысы, тарағым аумагы, графикалық ерекшеліктері, бітіктастар мен ескерткіштерді тіркеу, қорғау, сактау, жаңғырту, насиҳаттау, ғылыми талдау секілді жан-жақты мәселелерге кешенді түрде назар аударуымыз қажет.

**Türük bitik** > Түрік бітік ежелгі таңбалық (графемдік) болмыстан бастау алып, соған тура негізделініп жасалынған, көне түрік тілінің табиғатын дәлмемдәл таңбалай білген «фономорфемдік» жазу әрі көптеген түрік диалектілерін бір емлеге бағындырған әмбебап таңба-әріпті, оқылымды ықшамдай алған төте жазу болып табылады. Түрік бітіктің фонологиялық құрылымын біз өзіміздің пайымдауымызша ұсынып отырмыз (Кесте-1, 2.). Түрік бітік Орхон өзені

## **Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері...**

бойында Түрік империясының өрлей бастаған кезінде жасалынғаны хақ. Ал оның алғашқы ескерткіші ең әуелгі алфавиті теріге немесе қағазға, алғашқа жазылғаны анық, ол нұсқа бізге жетпей отыр. Оған бір дәлел ретінде Түрпанның Тойоктан табылған түрік бітіктің таңба-әріптегі мен манихей жазуының әріптегінің салыстырмалы мәтінін айтуда болады (IX-X ғғ.) [1].

Жалпы алғанда, түріктанудың ғылыми зерттеулерінде Түрік Елі (VI-XI ғасырлар) дәүірінің бітіктастары мен жазба ескерткіштерін тарихи, тілдік, аумақтық, хронологиялық, этносаяси бірlestіктері, ғұрыптық кешендері, жанрлық және т.б. ерекшеліктеріне негіздел сан-қылыш топтастырып, зерттеу жүргізіп келеді.

Мәшінүр түріктанушы В.В. Радлов көне түрік тілінің тілдік, жазулық, морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып «көне солтүстік диалектісі (Түрік-сир тілі), көне онтүстік диалектісі (көне ұйғыр тілі), аралас диалектісі деген үш диалекттігі (сөйленіске –Н.Б.) топтастырып қараастырады [2].

Белгілі түріктанушы ғалым Н.А. Басқаков 1. Алтайлық дәүірі, 2. Хұн дәүірі, 3. Көне түрік дәүірі V-X ғ. Оның ішінде 3.1. Тукой тілі V-VIII ғ., 3.2. Көне ұйғыр тілі VIII-IX ғ., 3.3. Көне қырғыз тілі IX-X ғ. деп топтастырады [3].

Тарихи-саяси (этникалық) түрғыдан С.Г. Кляшторный былайша топтастырады: 1. Шығыс Түрік қағандығының ескерткіштері-VII-VIII ғ. (Монголия, Алтай), 2. Қырғыз қағандығының ескерткіштері -VII-XII ғ. (Енисей, Сужи), 3. Құрықан ескерткіштері -VIII-X ғ. (Лена, Байқөл), 4. Батыс Түрік қағандығының ескерткіштері -716-739 ж. (Жетісу, Ферғана), 5. Ұйғыр қағандығының ескерткіштері -VIII-IX ғ. (Селенгі, Қарабалғасұн), 6. Шығыс Түркістан ескерткіштері - IX-X ғ. (Түрпан), 7. Хазар-бұлғар ескерткіштері (Жетісу, Шығыс Еуропа, Солтүстік Кавказ) [4].

Аталмыш зерттеушілердің топтамаларының олқылықтарына қарамастан, көне түрік бітіктастарындағы, жазба ескерткіштеріндегі тарихи оқигаларды тарихи-деректанулық түрғыдан топтастырудың маңыздылығы зор, сондай-ақ сол көздердегі тарихи оқигалардың хронологиялық сабактастығын түзеуге де, сол негізінде өткен тарихты нақты дәйектерімен жүйелі етіп баяндауға септігін тигізері түсінікті.

Түрік бітіктастары мен жазба ескерткіштерінің мәтіндеріндегі тарихи баяндаулары жайында, олардың тарихи-хронологиясы тұрасында А.Н. Бернштам, В.В. Бартольд, С.В. Киселев, Л.Р. Кызласов [5] және т.б. зерттеушілер біршама зерттеу жүргізді. Алайда түрік бітіктастары мен жазба ескерткіштерінің бірсынысының мерзімдері әлі күнге дейін қандай ғасырларға тән екені, қай уақытқа жататыны толық анықталмай келеді.

Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштерінің мәтіндерінде кездесетін

тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қысқаша тоқталайық :

1. Әлемнің жаратылуы (Тәңірі, Жер, адам баласы).
2. Көшпелі этностардың ру-тайпалық таңбалары («Шивээт улаан» таңбастасы толық зерттелінбеген).
3. Бұмын қаған, Естемі қаған билігі (төрт тарапты билеген).
4. Мұқан қаған, Ниуар қаған, Татпар қаған билігі (көне соғдыша).
5. Нири қаған заманы (көне соғдыша).
6. Елтеріс, Қапаған, Бөгү қаған (Бегі қаған?) заманы.
7. Түрік Білге қаған билігі.
8. Құлтегін жорықтары.
9. Тұныққұң жорықтары.
10. Баз қаған, түргеш қаған, қырғыз қаған жайы.
11. Құлі-чұр жорықтары.
12. Йамы қаған, Ел етміш йабғұ жорықтары.
13. «Бөмбөгөр» бітіктасы және таңбалары (қарлұқ, басмыл жайында мәтін).
14. Йолпық қаған, Торыйан (?) қаған билігі.
15. Бекү Ұлық қаған билігі («Тәс» бітіктасы).
16. Ел етміш қаған жорықтары (I, II бітіктасы).
17. Ай Тәңіріде құт болмыш алып білге ұйғыр қаған билігі («Қарабалғасұн» -I бітіктасы).
18. Йағлақар хан жайы («Сүүж» бітіктасы).
19. Құтлық білге қаған («Сәврәй бітіктасы», көне соғдыша).
20. Құлік Тірік (Е-3), Құні Тірік (Е-6), Құлік чұр (Е-7), Ұрғын Құлік Тоқ Бөгү Тірік (Е-10), Чабыш Тұн тархан (Е-30), Арслан Құлік Тірік ұлы Құлік Тұғұн (Е-44), Ұбызың Ің Үңал (Е-45), Өгүне Тұтұқ (Е-46), Төлес білге Тұтұқ бек (Е-48), Кек Тірік (Е-50), Бек Тархан Өтө Тірік (Е-53), Құлік Йеген (Е-59), Қара Барыс Үңанчұ: Чікші (Е-68), Тірік бек (Е-98) және т.б. өмірбаяндары.
21. Қара Барыс, Оғұл Барыс (Талас-1), Қара чұр (Талас-2), Бек Чұр ұлы Асұқ (Талас-3), Оғлан Чұр (Талас-4), Құтлық Өзүнчі (Талас-9), Үңал Ағұш (Талас-10), Құмар Чұр (Талас-13), Сағұнақ (Қошқор) және т.б. өмірбаяндары
22. Әр түрлі мазмұнды қысқаша белгілеудер («Тайхар чулуу» және т.б. жазбалар).
23. «Ырық битик» кітабы және т.б. кітап парақтары (Тұрпан ескерткіштері).
24. Көне түрік домбыра іспепті музыкалық аспаптағы мәтін (?).

Сондай-ақ, бұл мәтіндерде Түрік Елінің «төлес, тардұш, іч» үш қанаты, оларды билеген «қаған, тегін, йабғұ, апыт, шад, тархан, чұр, тұтұқ, тұдын» және т.б. атақтары, «табғач, тұптут, танғұт, апар, пұрым, қырғыз, құрықан, отыз татар, қытаң, татабы, түргеш, қырғыз, соғдақ, берчекер, бұқарақ, тезік, тохар» секілді

## **Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері...**


этнонимдер, «Тоғұл, Селеңге, Қараға, Бороға, Ханұй, Құнұй, Йасыл өзен, Шантұң жазық, Темір қапық, Қенұ тарбан, Йенчұ өзен, Кәгмен, Тоғұ балық, Мағұ қорған, Байбалық, Бесбалық» және т.б. жер-су атаулары көптеп кездеседі.

Демек бітіктастардағы тарихи оқигалардың баяндалуын:

- Түрік Елінің ресми тарихнамасы
- Этносаяси одақ, бірлестіктердің тарихнамасы
- Ру-тайпалардың тарихнамасы
- Билік тұлғалардың тарихнамасы деп қарасытруға болады.

Түрік дәүірінде өздерінің тарихын жазу, жүйелеп тиянақтау дәстүрлі істері болғаны анық. Оnda тарихи баяндаулар жазбаша және ауызша сақталынып келді. Оның бұлтартпас дәлеңі болып түрік бітікпен жазылып қашалған бітіктастар, әр түрлі мазмұнды жазбалар, эпитафиялық сарынды ескерткіштер, ауызша аңыздар, әңгімелер және т.б. мол деректер бар. Жалпы көне түрік бітіктастары мен ескерткіштердің мәтіні көбінесе батырлар жырының классикалық дәстүрінде хатталынғандықтан ғылыми түсіндірмелерде сөз тіркестерінің үйқастарына, буын, шумақ оралымдарына, мақал мәтел, шешендік сөздердің семантикалық мән-мағыналарына назар аудару керек.

Көне түрік дәүірінің жазба ескерткіштерінің көпшілігі көне түрік бітікпен, көне түрік тілінде жазылды. Көне түрік дәүірінде жазылған көне соғды, санкрит-брахми (?) және соғды жазуына негізделінген «үйқыр» жазулы ескерткіштер барышылық. Осы орайда Ашиқтастан табылған ағашқа көртіліп жазылған мәтін қазірге дейін толық оқылды деуге болмайтынын айтқымыз келеді (Сурет-1, 2).




*Сурет-1. «Ашиқташ» ағаштагы мәтіннің қошірмесі (И.Л. Кызласов)*



*Сурет 2. «Ашиқташ» ағаштагы мәтіннің фотосуреті (Н.Базылхан, 2005 ж.)*


Сонымен қатар 1975 жылы Д.Наваан анықтаған «Хүйс толгойн» I, II ескерткіштерінің мәтінін қай тілде, қандай жазумен жазылғандығы да беймәлім болып отыр (Сурет-3).



Сурет-3. «Хүйс толгойн» I ескерткішіндегі белгісіз жазудың мәтінінің көширмесі (Н.

Базылхан, 1999 ж.)

Белкім осы екі ескерткіш Татпар қаганға арналған (582 ж.) көне соғды және санкрит-бархми (?) мәтінді ескерткішпен байланысты болуы да мүмкін (Сурет-4).



Сурет-4. Татпар қаган бітіктасының согды мәтіннің көширмесі

(Н. Базылхан, 2004ж.)

## **Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері...**

Түрік дәуірінің ерекше бір ескерткіштің бірі «Шивээт улаан» ғұрыптық кешені және оның таңбатасы. Алайда агалмыш таңбатастың көшірмесін бұрыңғы зерттеушілер (Г.Рамстедт, Ц. Доржсүрэн, В.Войтов, С.Г.Кляшторный және т.б) толыққанды жасамаған. Біздің зерттеуімізше аталмыш таңбатаста 33 таңба анық қашалынған, ал одан басқа 30-дан астам таңба көмескі, күнгірт. Демек 70-ге жуық таңба бар деген сөз (Сурет-5). Бұл таңбатастағы таңбалар көне түрік дәуірінің, тіпті көшпелілердің таңбатану саласының қызықты да курделі тарихи-деректанулық материалдары екені түсінікті [6].



*Сурет-5. «Шивээт улаан» ғұрыптық кешені таңбатасының көшірмесі  
(Н. Базылхан, 2004 ж.)*

Көне түріктер осы таңбаларын **«tamya»** деп агады, ол екі мағынаны білдірді. Біріншісі - «ру, тайпалардың белгісі, таңбасы», екіншісі «қағанның алтын мөр белгісі». Көне түрік бітік тілінде аталмыш сөздің түп-төркіні **\*tap-** // **\* tab-** (семантикасы: бірдеменің ізі, қалдығы, із қалдыру - «таптау, табы, табандау») // > **tam-** (семантикасы: - «тамызу, күйдіру, белгі ен басу ») > **tam+ya** > **tamyan** (**tamya+n / tamya+či** - семантикасы: мөр жасаушы, мөр таңба сақтаушы) > **taŋba** («таңба, таңбалау») деген бағытта дамып өрбіген. Көне монгол тілінде **taba** > тав (табы), **tamaya**> тамага> тамга (таңба) тұлғасында сақталынған.

Көне түрік таңба-белгілердің бірнеше деңгейлері бар: онда Түрік Елінің ең жоғарғы билеушілері – қаған, йабғұ, шад, тегіндердің елтаңбасы, одан кейін - чұр, тархан, бек және т.б. билік тұлғаларының таңбалары, сонымен қатар ру, тайпа, одактардың әмблемалары (бір таңба және оның бірнеше түрлері); жеке тұлғалық және атalyқ отбасының таңбалар (жеке тұлғалық, жылқы, малға салатын ен белгілері және т.б.).

Жалпы, көне түрік дәуірінде таңбасыз бітіктастар мен ескерткіштері мүлдем кездеспейді, таңбалар міндетті түрде қашалынған. Таңба - көшпелілер

## ТУРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2009


әлемінде «әскери-саяси құрылымның ақпараттық түйіні», сан алуан этностардың әлеуметтік-қоғамдық қатынастырының ерекше белгісі.

Демек көшпелі этносаяси бірлестіктер мен одақтардың таңба, белгілерін тарихи хронологиялық түрғыдан:


- I. Хұн дәуірінің таңба, белгілері (б.з.д. I-б.з. III ғ.).
- II. Түрік Елінің таңба, белгілері (VI-VIII ғ.).
- III. Ұғыр, қырғыз этносаяси бірлестігінің таңба, белгілері (IX-XI ғ.).
- IV. Монгол дәуірінің таңба, белгілері (XII-XIV ғ.).
- V. Түрік, монгол хандық кезеңінің таңба, белгілері (XV-XIX-XIV ғ.)

деп қарастыруға болады.

Көне түрік таңбатану саласында тың деректердің бірі «Бембөгер» тұрыптық кешенінде орнатылған бітіктастағы 35 таңба. Бітіктастың мәтінінде қарлұқ, басмыл тайпалық одактар сөз болады (Сурет-6). Біздің зерттеуіміз бойынша аталмыш бітіктастағы таңбаларға ұқсас таңбалар «Дарви» жартасында көне түрік мәтіндермен бірге қашалынғанын байқауга болады, бұдан екі ескерткіш бір мерзімге тән деуге болады, тарихи-хронологиялық түрғыдан бір дәуірдік екендігі дәлелденеді (Сурет-7). Осы іспетті таңбалар арқылы да мерзімі анықталмаған ескерткіштерді анықтауға толық негіз бар.



«Бембөгер»  
бітіктасының көшірмесі  
(VIII ғ. ортасы)  
Сурет-6



«Дарви» жартасындағы  
көне түрік мәтін мен таңбалар  
(VIII ғ. ортасы)  
Сурет-7



## Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері...

Қазіргі Монголия жерінде түріктердің ғұрыптық кешендері мен бітіктастарында көптеп кездесетін таңбалардың бірі «қаған таңбасы, арқар таңбасы». Аталмыш таңба және тағы басқа көптеген таңбалардың этносемантикалық жөн-жосығы жайында зерттеулер мардымсыз. Қытай жылнамашылары монгол тектестер арқылы **činuw-a** > чоно (ачина) // чонод (ашидэ) деп атаған көне түрік қаған әuletінің осы тайпа атауы хотан-сак, орта парсы тілінің «snys» асена»- көк, «аштак/ашидэ»- айдаһар (жылан?) деп жорамалдауы шындыққа жана спайды. Көне түрік тілінде қасқырды **börü** бөрү деді. Демек түрік қаған әuletінің «қаған таңбасының» аргы мәні «бөрі-бүркіт-арқар» болу керек. Бұл үшкырлы таңбада (Сурет-8) «құстың тұмсығы, қасқырдың қол, аяғы, арқардың мүйізі мен құйрығы» синкреттік тұлғада сзызылған тәрізді деуге әбден болады. Оған Хұн дәуірінің «Ноен уул» сырмақтағы қасқыр, құс бейнелері, түрік, монгол тектестердегі қасқыр, құстың кие тотемдері **börü+ qut** // **qus** > бөрү+құт//құс + **bürküt** > бүркіт деген сөздің семантикасы дәлел бола алады. Бұған қоса Құлтегін, Білге қағанға арналған ғұрыптық кешендерінен табылған бес сайлы бөрік пен алтын тәждің құс бейнелері [7], Шыңғыс қаған қият- боржығын (бөрітегін) әuletінің ақ **сұңқар** (**ča'an** **šiŋqor**) кие тотемі, Керей хандығының ханы Тұғырыл («жыртқыш құс») атауы де қызықты деректер баршылық. Және де Махмұд Қашғаридің «Түрік тілдерінің сөздігі», Рашид-ад дины «Жамиат-тауарих», Әбулғази Баһадүрдің « Шежире-и түрік», «Дафтар-и Чингизнаме» және т.б. жазбаларда түрік, монгол тектес этностардың тотем, «оңғондарының» барлығы құс екендігі (бүркіт, сұңқар, қаршыға, қырги және т.б. ) айтылады.

Ендеше көшпелілерде құс, жыртқыш құс Тәңірінің символы, көшпелі болмыста этномәдени ерекше орын алғатын тарихи деректердің бірі. Тіпті «Тәңіріге құстай ұшып кетті» ( uča bar-) деп те айтылады.

**Сурет-8** Көне түрік қаған әuletінің «қаған таңбасының» («бөрі-бүркіт-арқар») дара, қос, үшқыр сызбалары

Білге қаған, Кұлтегін бітіктасы	«Хәшəə- цайдам-2» бәдізі	«Қарабалг а-сұн-2» бітіктасы	«Чойр» бәдізі	«Əngət» ғұрыптық кешенінің сандақтасы
«Шивәэт улаан» арыстан тасы	«Дәл уул» жартасы	Ел етміш йабрұ ғұрыптық кешенінің балбалы «Онгийн»)	Ел етміш йабрұ ғұрыптық кешенінің балбалы	«Шатар чулуун» сандақтасы
				Білге қаған ғұрыптық кешені бәдізі

## **Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері...**

Көне түрік ғұрыптық кешендері Орталық Азияда өте мол кездеседі. Оның құрамында арнайы **bariq** > барық-кесене, қорған, мәтін жазылған **bitiktaš** > бітіктас, оның тұғыртасы немесе тасбақасы, **bediz** > бәдіздер (тасмұсіндер), **balbal** > балбалдар (саны 10 - 600 данадан астам) және т.б. құрамдас белшектері қамтылды. Осы кешендерде аза тұту, ас беру, жылдығын беру немесе аруаққа бағышталған сый-құрметтері үшін қоғамдық-әлеуметтік ерекше маңызды **youi** > йоғұ - жоқтау ғұрыптық жосын-жоралғылар атқарылған.

Жалпы алғанда, байыргы түріктерде жерлеу орындары мен ғұрыптық кешендері деген екі түрлі орындар болды. Түріктердің жерлеу орындарында біршама зерттеулер жүргізілді, алайда қазірге дейін қаған, бекзаттарға тиесілі белгілі атрибуттары және белгілерімен айқындалатын мұрделері табылмай отыр. Ал марқұмды оның ат-әбзелдері, қару жарақтарымен бірге жерлеген орындар мол кездеседі. Сонымен қоса, жартастарда, тасты үңгірлерде жерленген адам мұрделері де кездесіп жатады. 2008 жылы Монголияның Қобда аймағы Манхан сұмыны деген жердегі жартаста осындағы мұрде табылды. Онда адамның мұрдесімен бірге көне түрік мәтін жазылған домбыра іспетті музыкалық аспабы және қару-жарақтары болды. Түріктердің музыкалық өнері жайында атаптағы мәтін де жаңа тың тұжырымдар жасауға құнды дерек болатыны даусыз.

Көне түріктерде **bediz** > бәдіз - аруаққа арналған ғұрыптық кешендерінің құрамдас бір белгі. Көне түрік тілінде оны **bediz** > бәдіз > бәдіз деп атады. Бәдізді мәрмәр, құмдақтас, гранит, сланец, базальт және т.б. тас түрлерінен арнайы бәдізшілер, тас шеберлері жасады. Сөздің төркіні «bet->бет-//bed->бәд-» түбірлерімен «бет, бедер, бейне, бой, дене, тұлға» деген семантикасымен ортақ мағыналы болып келеді. Көне монгол, манжұр тілдерінде **beye**->бие «дene, тұлғa» деген мағыналы сөздер де атаптың көне түрік тілінің атауымен ортақ болып табылады. Археолог Д. Баяр шығыс Монголиядағы бәдіздерді зерттеп «Монголдардың тас бейнелері» деген арнайы монографиялық еңбек жариялады. Оnda 69 бәдіздің ғылыми сипаттамасын жасап, бас киім, киім кешек үлгілері, белдік, шаш бұрымдары, отырған орындық және т.б. жан-жақты салыстырмалы зерттеу жүргізіп, оларды монгол типті бәдіз XII- XIII ғасырларға қатыстырылығын дәлелдейді [8]. Демек көне түріктердің этномәдени дәстүрі монгол дәүірінде де сабактасып келгендейігі анық болып отыр.

Осы орайда ғұрыптық кешенниң бір ерекше құрамдас белгі **«барық»** туралы айта кеткеніміз орынды. Көне түрік тілінде **bariq** > барық «қорған, тас кесене, текшетастар» деген мағынада. Махмұд Қашғаридың «Түрік тілдерінің сөздігінде» **bariq** > дүние мұлік деген мағынада қолданылады.

Көне түріктердің ғұрыптық кешендерінде міндettі түрде жалпақ тастан жасалынған төртбұрыш «сандық, абдыра іспетті» жалпақ тастарды кешенниң төр жағына орналастырып қояды. Осыны біз көне түрік атауы бойынша барық дедік. Аталмыш тас қапталдарының бет тұстары ете көркем әшекейленді. Онда әр түрлі ою өрнектер, құс, феникс, арыстан, көне түрік таңбалар мен мәтін де қашалынды. Зерттеушілер осы ғұрыптық төртбұрыш тастарды әлемге, әлем тауына, бәйтерек ағашқа және т.б. ұқсатып қарастырған («оградки, ящики, блоки на древнетюркских поминальных памятниках имитируют схему космической горы...» - В.Войтов, «оградка-изваяние-балбалы – есть (культовое) сооружение, структура которого обусловлена мировоззренческими универсалиями, есть модель мира» Л.Н. Ермоленко және т.б. [9]).

Біздің пікірімізше аталмыш барық орнату дәстүрінің мәнісі көне түріктердің космостық тауы емес, әлемнің моделі, тіпті бәйтерек те емес. Мұнда марқұмның көзі тірі кезінде қолданылып жүрген киіз үйдің төр жағында болатын **сандығы, тұсқиізі, сырмағы** бейленген. Аталмыш төртбұрыш тастар көбінесе бес қапталды (төрт қапталын жауып тұратын қақпақ қапталды) болып келеді, ғұрыптық кешенниң төр жағында тұрады, басқаша айтқанда шығыс жақтан батысқа қарай балбал, бітіктас, одан бәдіз, одан кейін барық орнатылған. Кейбір барық қапталының ортасында арнайы тесік те бар.

Сондықтан көне түріктердің ежелгі дәстүрі бойынша марқұмға арналған ғұрыптық кешенді яғни барықты орнату кезінде сол тұлғаның және оның үй ішінің (**eb barīq** > «кіз үй барық, үй мұлік») ерекше белгісі ретінде киіз үйдің төр жағында тұратын сандықтың, тұсқиіздің, сырмақтың ою өрнек бейнелерін жалпақ тастарға қашап безендіріп қойды. Мұнда барық пен бәдіз орнату дегеніміз жоқтау жосынында, ғұрыптық қызметтер атқаруда қайтыс болған тұлғаның бет бейнесін және оның үй ішінде, езі қолданып жүрген заттарын тастан жасап қою арқылы оны еске алу болып табылады. Барық деген марқұмның «Тәніріге ұшып киіз үйден барық-тас үйге жетті» деген мән-мағынада қолданылған ырым-жосындық белгісі (Сурет-9). Мұнда жоқтау, ас беру кезінде бәдіз бен барық марқұмды еске алудың ерекше белгісі болып табылады (көне түріктерде «тозақ» деген ұтым жоқ-ты). Түріктердің аруақты тұлғаларды құрметтеу этномәдени дәстүрінде барық және бәдіз орнатылған бірде бір кешендер жоқ дерлік. Сол себептен де қаған-тегіндерге, билік иелеріне, батыр тұлғаларға арналған барықтар мен бәдіздер өзара әскери-саяси билік жүйесінің атақ лауазымдарына байланысты көркемділігі және құрамы жағынан біршама ерекшеленіп тұрады.


**Сурет-9. Көне түрік барықтардағы сандық, тұсқиң және сырмак бейнелері**




«Өнгет» барық қапталындағы таңбалар




Күлі-чұр барық қапталындағы құс бейнелері




Алтын тамған тархан барық қапталындағы ою өрнектер



«Шатар чулуу» барық қапталындағы арыстан бейнелер, ою өрнектер мен таңбалар (В.Войтов бойынша)




Цәнділ сүміны барық қапталындағы таңба



Олон нуур барық қапталындағы көне түрік мәтін мен ою өрнектер (Д.Баяр, Р.Мөнхтулга бойынша)

Түрік бітіктану саласында көне түрік дәуірінің жазба ескерткіштерін әсіресе түрік бітік мәтіндерін зерттеуде әуелі нақты сенімді көшірмелік (сканерлік, фото, сыйза, силикон, қағаз естампажы) нұсқаларын дұрыс жасап алу, оны ғылыми айналымға енгізу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені бұғынға дейін біршама ескерткіштердің мәтіндерін зерттеушілер дұрыс көшіріп алмағандықтан екішты, даулы, тіптен жөн-жосықсыз болжамдар да айтылып келеді. Мысалы, Ел етміш Білге қағанға арналған I бітіктасы («Могойн шинэ ус») мәтінінде **qırčaq** қыпшақ деген этноним бар деп Г. Рамстедт, С.Г.Кляшторный, К.Сартқожаұлы және т.б. зерттеушілер қате оқып келеді.



*Сурет-10. Ел етміш Білге қағанға арналған  
I бітіктасының естампаждық көшірмесі (Н.Базылхан, 2002 ж.)*

Бұдан көне түрік дәуірінде (Ел етміш Білге қағанға арналған I бітіктасының түпнұсқа мәтіні 4-жолында «... қақ> ...чак» деген таңба-эріптер бар) (Сурет-10) қыпшақ атауы болды деген мүлдем жансақ пікір қалыптасты, тіптен көне түрік бітік тілін «орта түрік дәуірінің тілімен теңестіру», шамамен 1300 жыл бұрынғы тілді «қыпшақтардің» деген ғылыми негізсіз пайымдаулар орын алды.

Сондай-ақ көне түрік бітік тіліндегі мәтіндерді қазіргі түрік тілдері түргысынан (әсіресе қазақшалап) түсіндіру өүесқойлық та барышлық. Демек көне түрік бітіктану саласының мәтінтану бағытын археографиялық, этноархеологиялық, этнографиялық түрғыдан түбебейлі жаңа деңгейге жеткізу қажет болып отыр. Осы орайда көне түрік бітіктастары мен ескерткіштерінің толыққанды **ғылыми көшірмелік нұсқасының Атласын** жасау ісін жүзеге асыру керек.

Сонымен қатар түріктердің тарихына байланысты әлі күнге дейін мүлдем, жансақ дәлелсіз пікірлердің бірі «түріктер Алтай тауынан Орхон өзені бойына көшіп келгендер» (С.Г. Кляшторный және т. б) деуі [11]. Басқаша

## **Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері...**

---

айтқанда мұнысы көне түріктерді қытайлықтар «қаңғырып жүретін варварлар» дегенімен пара-пар еді. Монгол ғалымы Л.Билгэгт аталмыш жансақ пікірлерге қарсы, дәлелді де дәйекті деректер арқылы тойтарыс берді: «... **именно в степях Монголии происходило сложение древнетюркского народа.** Если быть точнее, он сложился из конгломерата кочевых племен, бывших под властью кагана, который с начала владел одним племенем-жоужань или жужуй...» [12]. Бұған қоса көне түрік бітіктастар мен ғұрыптық кешендері және көптеген қала қорғандардың дені қазіргі Монголияда орналасқандығы да тольқ әдел бола алады.

Көне түрік археологиясында ғұрыптық кешендер мен бітіктастардың хронологиясын анықтау істері де кенжелеп қалып барады. Әсіресе «Өнгөт», «Мухар/Улхын булан», «Идэр», «Шивээт улаан» және т.б. жүздеген ескерткіштерді археологиялық түрғыдан ғылыми зерттеу ісі барышылық. Сонымен қатар Қазақстан, Монголия, Хакасия, Тыва, Қыргызстан, ШУАР аумағындағы ескерткіштер жалпы салыстырмалы зерттелді және олардың тарихи-деректанулық талдаулары жасалынды, кешенді түрде қарастырылды деу әлі өртерек. Сол себептен де көне түрік бітіктану саласы мен көне түрік археологиясының зерттеулері енді ғана жаңа бағытта зерттелуге тиісті.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. A. von Le Coq Kökturkisches aus Turfan. Manskrift-fragmente in kokturkischen Runen aus Toyog und Idiquit-schahari, Oase von Turfan // Sitzungsberichte der Preussischen Akademie der Wissenschaften. Phil.-hist. Kl. 1909.; Thomsen V. Dr. M. A. Stein's manuscripts in Turkish "runic" script from Miran and Tun-Huang // Journal of the Royal Asiatic Society, London, 1912. P. 181–227; Thomsen V. Ein Blatt in turkischer "runen" schrift aus Turfan // Sitzungsberichte der Preussischen Akademie der Wissenschaften. Phil.-hist. 1910. XV; Thomsen V. Fragments of a runic Turkish manuscript Kao 0107 from Kara-Khova // Innermost Asia, Vol. II. Oxford, 1928.
2. Radloff W. Altturkische Studien, I-IV. S. 305-326; V.S.427-452. Известия АН Спб, 1911; Radloff W. Atlas der Alterthümer der Mongolei. Arbeiten der Orchon Expedition. I-IV. St.Petersburg, 1892, 1893, 1896, 1899.
3. Басқаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. М.,1969.С.148-166.
4. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. Санкт-Петербург,2003. С. 44.
5. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII вв. М.-Л., 1946. С. 30-54.; Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы, 1993.-192с. ; Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири М.,-Л. 1949. С. 273-348.; Кызласов Л.Р. Новая датировка памятников енисейской письменности // Советская Археология. 1958, № 3, С. 152-161.;

## **ТҮРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2009**

---

- Кызласов Л.Р. Новая датировка памятников енисейской письменности // Советская археология. 1960, № 3, с. 93-120.; Кызласов Л.Р. Новая датировка памятников енисейской письменности //Советская Археология. 1965, № 3, С. 38-49.
6. Базылхан Н. Қоңе түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 2-том. Алматы, 2005.-228.
7. Сәр-Оджав Н. Эртний түрәгүүд. SA. T.V. F.2. УБ.,1970 ; Бајар Д., Амартувшин Ч., Эңхтөр А., Гәрәлбадрах Ж. Билгэ хааны тахилын онгоны судалгаа // Археологияйн судлал. SA. T.(I) XXI, F. 8. Улаанбаатар, 2003, 75-83-р тал; Бајар Д. Новые археологические раскопки на памятнике Бильгэ-Кагана // Археология, этнография и антропология Евразии. 4 (20) 2004, с. 73-84 ; Довдоин Бајар Археологические изучение поминального памятника в честь Билге кагана // Орталық музей еңбектері, Алматы, 2004, №1 , 214-223 б.; Бајар Д. Білге қаганға арналған ескерткіш кешенінде жүргізілген археологиялық зерттеулері «Shygys/ Шығыс» ғылыми журнал, 2005, №1, 115-125 б.
8. Бајар Д. Монголчуудын чулун хөрөг XIII-XIV зуун. Улаанбаатар, 2002. 170-171 т.
9. Войтов В.Е. Древнетюркский пантеон и модель мироздания в культово-поминальных памятниках VI-VIII вв. М.,1996 С. 117.
10. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния Казахстанских степей (типология, семантика аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск, 2004. С. 69.
11. Клишторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. Санкт-петербург, 2003, С. 91.
12. Билэгт Л. Тюрки и монголы. // Studia Arheologica . Institute Historiae Academiae Scientiarum Mongoli. Tomus XVII. Fasc 14. Улаанбаатар, 1999. С.153-176. ; Билэгт Л. Роль Шивэйских племен в этногенезе монголов // Studia Ethnologica . Institute Historiae Academiae Scientiarum Mongoli. Tomus XVI. Fasc 1-23. Улаанбаатар, 2004, С. 45-54. ; Викторова Л.Л. Монголы. Происхождения народа и истоки культуры. М.,1980. (224х.). х. 155-183.

### **REZUME**

**N. Bazylkhan (Astana)**

### **SOME PROBLEMS OF HISTORICAL – SAURCE STUDY RESEARCHES OF ANCIENT TURKIC WRITTEN LANGUAGE**

This article deals with the problems of the ancient Turkic written Language origin being distinctive phono- morpheme tamgo shaped inscription – turuk bitik. It exactly fixed phonological law of all language stages of ancient Turkic ethnics. The written monuments can be evidence of being into national state and the historogra[hy of separate ethnopolitical unions. While learning the moments it's necessary to consider them in different aspects: archaeographic, polegraphic (right photocopy and fixation of printe copies, issuing printed catalogues), textual (all sided interpretation, compared historical study of texts), ethnarchaeological (studying ethnosemantic tamg? In complex) and historical – cultural.

**Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері..**

---

Кесте-1

**Көне түрік бітіктің таңба-әріптерінің фонологиялық құрамы (дауысты, дауыссыз дыбыстардың дара және буынды оқылымы)**

	1		2		3		4		5	
1	a		ı		o // u		e // i		ö // ü	
2	B, ba	ab	bı	ıb	bo/bu	ob/ ub	B, be/ bi	eb/ ib	bö/bü	öb/üb
3	Q, qa	aq	qı	ıq	qo/qu	oq/uq	K, ke/ ki	ek/ ik	kö/kü	ök/ük
4	γ, γa	aγ	γı	ıγ	yo/yu	oy/uγ	G, ge/ gi	eg/ ig	gö/gü	ög/üg
5	T, ta	at	tı	ıt	to/tu	ot/ut	T, te /ti	et /it	tö/tü	öt/üt
6	D, da	ad	dı	ıd	do/du	od/ud	D, de/ di	ed/ id	dö/dü	öd/üd
7	S, sa	as	sı	ıs	so/su	os/su	S, se /si	es/ is	sö/sü	ös/üs
8	š, ša	aš	ší	ıš	šo/šu	oš/uš	še /ši	eš/ iš	šö/šü	ös/üš
9	č, ča	ač	čı	ıč	čo/ču	oč/uč	če /či	eč/ ič	öč/čü	öč/üč
10	Y, ya	ay	yı	ıy	yo/yu	oy/uı	J, je /ji	ej/ ij	jö/jü	öj/üj
11	N,na	an	nı	ın	no/nu	on/un	N, ne /ni	en/ in	nö/nü	ön/ün
12	ŋ	Aŋ	ŋı	ıŋ	ŋo/ŋu	oŋ/uŋ	ŋe /ŋi	eŋ/ iŋ	ŋö/ŋü	ön/üŋ
13	L, la	al	lı	ıll	lo/lu	ol/ul	L, le /li	el/ il	lö/lü	öl/ül
14	R, ra	ar	rı	ır	ro/ru	or/ur	R, re/ ri	er/ ir	rö/rü	ör/ür
15	P, pa	ap	pı	ıp	po/pu	op/up	pe /pi	ep/ ip	pö/pü	öp/üp
16	M, ma	m	mı	ım	mo /mu	om/um	me/ mi	em/ im	mö/mü	öm/üm
17	Z, za	až	zı	ız	zo /zu	oz/uz	ze/ zi	ez/ iz	zö/zü	öz/üz
18	aLT		altı							
19	aNTa									
20	aNČa		ıncı				-inč			
21	Bš	baš					beş (?)	biş (?)		

**Кесте-2 Коне түрік бітіктің таңба-әріптерінің графикалық ерекшеліктері**

Таңба-әріп (классикалық ұлпі)	Орхон	Енисей	Талас	Түрпан	Алтай
a/e	𐰃	𐰃	𐰃	𐰃	𐰃
i/ɨ	𐰄	𐰄	𐰄	𐰄	𐰄
ü	𐰅	𐰅	𐰅	𐰅	𐰅
u	𐰆	𐰆	𐰆	𐰆	𐰆
:	𐰇	𐰇	𐰇	𐰇	𐰇
B/a/	𐰈	𐰈	𐰈	𐰈	𐰈
B/e/	𐰉	𐰉	𐰉	𐰉	𐰉
Q	𐰊	𐰊	𐰊	𐰊	𐰊
Oq/qo //uq/qu	𐰋	𐰋	𐰋	𐰋	𐰋
γ	𐰌	𐰌	𐰌	𐰌	𐰌
K	𐰍	𐰍	𐰍	𐰍	𐰍
G	𐰎	𐰎	𐰎	𐰎	𐰎
Kü/ük// ög//gö	𐰏	𐰏	𐰏	𐰏	𐰏
T/a/	𐰐	𐰐	𐰐	𐰐	𐰐
T/e/	𐰑	𐰑	𐰑	𐰑	𐰑
D/a/	𐰒	𐰒	𐰒	𐰒	𐰒
D/e/	𐰓	𐰓	𐰓	𐰓	𐰓
S/a/	𐰔	𐰔	𐰔	𐰔	𐰔
S/e/	𐰕	𐰕	𐰕	𐰕	𐰕
š	𐰖	𐰖	𐰖	𐰖	𐰖
č	𐰘	𐰘	𐰘	𐰘	𐰘
Y	𐰙	𐰙	𐰙	𐰙	𐰙
j	𐰚	𐰚	𐰚	𐰚	𐰚

Базылхан Н. Қоңе түрік бітіктастары мен ескерткіштері...

N/a/	)	)	)	)
N/e/	ң	ң	ң	ң
ŋ	ң	ң	ң	ң
nč	ң	ң	ң	ң
L/a/	ң	ң	ң	ң
L/e/	ң	ң	ң	ң
R/a/	ң	ң	ң	ң
/e/R	ң	ң	ң	ң
P	ң	ң	ң	ң
M	ң	ң	ң	ң
Z	ң	ң	ң	ң
č	ң	ң	ң	ң
LT	ң	ң	ң	ң
ŋi	ң	ң	ң	ң
nt	ң	ң	ң	ң
bas	ң	ң	ң	ң

## Жантеғін ҚАРЖАУБАЙҰЛЫ

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙЫРҒЫ ТҮРҮК БАРЫҚТАРЫ

В статье автор говорит о памятниках найденных во время экспедиций на юге Восточного Казахстана Зайсане, Тарбагатай, Алаколь, Уржар в 2004 году, и дает полные сведения о памятниках Кызыл тесик тас и Тарбагатай. Эти вещественные доказательства дают повод на новые заключения о территории населенных Кок тюрками.

Makalede yazar; 2004 senesinde Doğu Kazakistan'ın güneyindeki Zaysan, Tarbağataj, Alaköl, Ürjar bölgelerinde yapılan kazı çalışmaları sonucunda elde edilen abideler hakkında söz edilir. Kırmızı Kesik Taş A kartası, Tarbağataj Barığı hakkında geniş bilgi verilir. Bu net deliller Kök Türklerin sahiplenmiş bölge hakkında yeni bir görüşe yol açacağının gösterir.

Киелі орындарға байланысты алғашқы мәліметті 1721 жылы Д.Г Мессершмит хабарлаған. Ол Енисей губерниясының Знаменка қыстагының маңынан табылған орынды “бектер қабірі” деп атаған.

1865 жылы В.В.Радлов Ресейдің Алтай жерінен 8 нысанды, Онгудайдан 4, Қошағаштың Тобажақ бұлағы мен Чүй даласынан 4, Қотандыдан 4 киелі орынды қазды. Бұлар кезінде “қабір” деп танылды. 1911 жылы А.В.Адрианов Шығыс Қазақстанның Қарақаба деген жерінен 3-4 шарбақтас қазып, оны да қабір деп атады.

Бұл зерттеушілерден кейін Орхонға келіп Құлтегін, Білге қаған киелі орындарын тауып, белгісіз жазу жазылған ұстын туралы батыс ғалымдарына мәлімет жеткізген зерттеуші Н.М Ядринцев 1889 жылдың 31 тамызында жазған есебінде – “ойма жазу ескерткіштерін жалпақ қабір, жалпақ тасты төрт бұрыш қабірлер” – деп атады. Осыдан кейін орыс саяхатшысы Д.А Клеменц байырғы түркілердің қалдырыған киелі орындарын (барық) бектер қабірі (княжеские могиль) деп танып, тарих ғылымына атап етіп енгізіп жіберді. Д.А Клеменцтің бұл пікірін П.К Козлов, Б.Л Владимирцев сияқты Ресей ғалымдары қолдаған. Кейіннен О.Гейкель мен В.В Радлов мұлдем басқаша пікірде болды [1. 48].

1891 жылы наурыз айының аяғында О.Гейкель Көше-Цайдам туралы қысқаша есебін жариялады. П.С. Поповтың Құлтегін ескерткішінің қытайша мәтінінің орысша аудармасына сүйене отырып, қайтыс болған Цоэтэле жатқан үйінді, қираған храмның орны болуы мүмкін деп, сол орынға қазба жүргізіп, қабір орнын іздейді. Алайда адам жерлеген қабір таппады. Осыдан кейін ол: “Қайтыс болған түркі ақсүйектеріне арналған кешенге олардың қабірі орналастырылмаған. Ас беріп, тойлау үшін ерекше ескерткіш, қабірден алыс бөлек жерде түрғызылған”, – деген қорытынды жасайды.

## **Қаржаубайұлы Ж. Шығыс Қазақстандағы байырғы...**

---

Кейін 1958 жылы Көше-Цайдамдағы Құлтегін кешеніне толық археологиялық қазба жұмысын жүргізіп, кешен алаңын түгелдей тазалап қазын шыққан Монғол-Чех археологиялық экспедициясының жетекшілері Сәр-Оджав, Л.Ийслдер “... ас беріп, діни той өткізіп, құрбандық шалу үшін тұрғызылған ескерткіш орны” [1. 50], – деген қорытындыға келеді.

Академик Әлкей Марғұлан Әбілғазының шежіресіндегі «Қорқыт заманында Сыр бойындағы барлық елді мекен дыңлы болды» деген мәліметіне сүйене отырып, қазақ жеріндегі Қозы Қөрпеш – Баян Сұлу, Дамбауыл, Бақсы мола, Торғайдағы Текенің дыңы, Кек Ұйық, Сыр бойындағы, Қаратая бойындағы, Жетісудағы басқа да жәдігерлерді зерттей келе түркімен тілінде сакталып қалған «дын», «дің» деген атау берген.

Киелі орынның атауына байланысты В.Бартольд алғаш рет «құрұқ» (некрополь) деген пікір ұсынды. В.В. Войтов бұл ұсынысты жалғастыра, «поминальное места» деген атауды археология ғылымына енгізді. В.В. Войтов еңбегінде барықтарды бес түрге бөліп қарастырған [2. 71].

Тұркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы «**үдуқ орун**» (киелі орын) екенін, үш тұғырлы дерек (1. Байырғы Тұркі бітігі Құлтегін, Білге қаған, Құулі-choor, Онгин т.с.с.; 2. Қытай Жылнамалар; 3. Археологиялық зерттеулер) арқылы анықтап, барықтарды үш түрге бөлгөн [1. 294.].

Я.А. Шер аңыртастың бейнелену әдіс-тәсілін негізге ала отырып, Жетісү барықтарын алты топқа топтаған. 1970 жылдардың ортасында А.А. Чариков Ч.А Шердің топтауының негізінде Қазақстанның шығыс және оңтүстік аймақтарындағы 100-ге жуық аңыртастарды зерттеп, үш топқа топтаған [3. 88].

2004 жылы Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағы Зайсан, Тарбағатай, Алакөл, Үржар аймағында жүргізілген экспедиция кезінде 15-тей аңыртасты, 9 барықты кездестірдік. Бұл барықтар – бұрын-соңды зерттеушілердің қаруына алынбаған тың ескерткіштер. Осылардың ішінде мүсінделуімен ерекшеленетіні – Қызылкесік ауылы, Шалқожа мешітіндегі аңыртас және Тарбағатай ауданы, Қабаш егістік алаңындағы екі барық.

**Қызыл кесік аңыртасы:** Аңыртас Ақсуат ауданы, Қызыл кесік аулындағы Шалқажы мешітінде орналасқан. Мешіт 1997 жылы салынған, аңыртас да сол жылы мешітке әкелінген. Аңыртастың нақты орны белгісіз, мешітке ауыл тұрғыны Қаршыға алғып келіп орналастырған. Соңғы ақпарат бойынша аңыртас Ақсуат аудандық музейге әкелінген.

Аңыртас молдас құрып отырғызылған, басы, екі қолы сынғаң, он жақ мықынынан сол жақ иығынан бастап кеудесіне дейін сынған. Сол жақ қолы иығымен бірге сындырылған және сол жақ санында сыннық байқалады. Онда

қаруын ұстап отырған қолдың ізі қалған. Оң қолының басы мықынында болған, ешқандай ыдыстың ізі байқалмайды, сындырылған қолында қалуы мүмкін. Аңыртастың шапанының жағасын екі жолақпен белгілеп, доғалдан мүсіндеңген. Шапанының (киімі) өнірі оң жақ иығына дейін айқастырыла бейнеленген. Белбеуінің қалындығы 4 см, төрт бұрыш жапсырмалар қашалған. Белбеуінің айылбасы екі көзді доғал, сол беліне дейін жапсырмалар қашалмаған, белбеудің ұшы белбеудің астына қыстырылған. Белбеуінің артқы жағында оқшантай ( $h - 13$  см), қанжар (ұзындығы – 30 см), екі салпыншақ (ұзындығы – 20 см) және қайрақтас қашалған ( $h - 10$  см). Сол жақ тақымында ақберен (қайқы қылыш ұзындығы – 40 см, жалпақтығы - 4 см) қашалған. Ақберен қынабының үстіңгі жағы екі жарты шенбермен белбеуге ілінетін екендігін бейнелеген. Ақберенді алғаш бейнелегенде сол қолын ұстап, санына қолын тіреп отырған (Сурет-1).

Мұндай аңыртас бұрын-сонды Қазақстан жерінен табылмаған, тек орталық Монголия, Орхон өзенінің бойындағы Білге қаған аңыртасын салыстырма ретінде көлтіруге болады. Қызыл кесік аңыртасы, Білге қаған аңыртасымен ұқсас жерлерін атап өтсек; 1. Молдас құрып отырған отырысы, қолдарының орналасуы, яғни оң қолдарының бүйірінде орналасқаны, сол қолы санын тіреп отырысы, 2. Белбеуіндегі, салпыншақтары және оқшантайы. Өзгеше тұстары: шапанының өнірі ұқсас. Монголиядан табылған көптеген аңыртастармен Қызыл кесік аңыртасының қару ұстай мәнері бірдей.

**Тарбағатай барығы:**

Аяқөз ауданы, Тарбағатай ауылынан 30 шақырым жерде Қабаш 3-егістік алаңында түрік дәуірінің екі барығы (ғибадатхана) қатарласып орналасқан.

Қабаш I барығы төрт бұрыш (3 м - 4,5 м), айнала таяз оры бар, ортасы тас үйінділермен толтырылған. Барықтың шығыс жағында антропоморфтық аңыртас орнатылған, аңыртастан кейін шығысқа қарай 20-25 дана балбаластар орнатылған. Барықтың шығыс жағында антропоморфтық аңыртас орнатылған, аңыртастан кейін шығысқа қарай 20-25 дана балбал тас орнатылған.

Аңыртас гранит тастан жасалған, басы мойнымен сынған, толық мүсінделген. Мұрты доғалданып қашалған, қасы мұрнымен бірге мүсінделген, бет-бейнесі анық айшықталған. Оң құлагына аспалы далалық сырға қашалған. Сол құлагы қашалмаған. Маңдайына қасқаланып шашын өшкін сыйықпен және желкесінде өшкін бірнеше сыйықпен бейнелеген. Басындағы сынныңтан төмен кимінің жағасын доғал ойықпен бейнелеген.

Денесінің алдыңғы жағы жартылай өндөлген, тегістелген. Денесін төртбұрыштаған. Аңыртастың биіктігі 125 см, басы 40 см, кеудесінің ені 27 см, тастың қалындығы 24 см.

**Қабаш II.**

## Қаржаубайұлы Ж. Шығыс Қазақстандағы байырғы...

Қабаш II барығы Қабаш I барығының батысында орналасқан. Барық төртбұрыш (4x5м) айнала таяз оры бар. Ортасы тас үйінділермен толтырылған. Барықтың шығыс жағында арада 1 метрден кейін антропоморфтық аңыртас орнатылған, аңыртастан шығысқа қарай шамамен 10-15 балбал орнатылған.

Аңыртас қоңыр түсті граниттен жасалған. Биіктігі 130 см, жалпақтығы 20×23 см, аяқ жағы 17 см, басы 37×22 см.

Аңыртастың басы ете жақсы, анық мүсінделген. Қасы мұрнымен бірге қашалған. Кезі ұлken, беті жалпақтанып мүсінделген. Мұрты қайқы, аузы ұлken. Мандайында шашбауын бейнелеген сыйық бар, желке тұсында нақты өндөлмеген. Оң жақ құлағы өшкін сақталған. Кийімінің жағасы сол жағынан жартылай қашалған. Денесінің алдыңғы жағын тегістеген, арты, екі жаны шала өндөлген, төрт бұрыш бейнеде мүсінделген.

Қабаш I, II барықтарына қазба жұмыстары жүргізілмегендіктен барықтың нақты суреттемесін, жоспарын бере алмадық.

Зерттеуіміздің негізгі нысаны болып отырған киелі орындар мен барықтар зерттелу тарихында батыс ғалымдарының зерттеулерінде бірнеше атаулармен аталып келді. мысалы, «каменная баба», «княжеская могила», «оградка», «святилища», «культовый мемориальный комплекс», т.т. с.с.

XIX ғасырдың сонында А.С.Уваров Шығыс Еуропа аңыртастарын алғаш «каменная баба» деп атап кейін Сібір аңыртастарына да сол атауды таңған.

Күлтегін бітігінің сол жақ бетіндегі 12-жолда «Аңуг adynčyу һағуq jaraturtym» («Аңыр тасын, сурет тоқыттым (қалаттым)»). Мұндағы «аңуг» сөзін мүсін мағынасында қолданғандықтан яғни аңырып қарап қалу, аңыру деген мағынада тұра қолданған. Сол себепті мүсінтастың орнына «аңыртас» деген байырғы атауын қолданып отырмыз.

Ю.С.Худяков, Ю.А.Плотниковтардың болжамы бойынша байырғы түркі аңыртастары бірінші түркі қағанаты кезінде орнатыла бастады дейді. Аңыртастардың класикалық мүсінделуі олардың ойынша, екінші түркі қағанаты кезінде кең еріс алғанын айтады.

Қаржаубай Сартқожаұлының пікірі бойынша б.з. 552-570 жылдары Түрік қағанатының хан тағына Мұхан қаған отырған. Мұхан қаған билік жүргізген кезінде қағанатта үш ұлken реформа дін, тіл (жазу), қағанатты басқару жүйесінде жүргізген.

Реформадан кейін қағанатта Бөгү (Тәнірлік діні) мемлекеттік деңгейге көтеріліп, ұллыарға, аруаққа арнап барықтар салу дәстүрге айналған. Түрік қағанаты алты кіші орда, алты кіші қағандықтан тұрған. Алты кіші хандықты алты есір (тақ), алты кіші орданы «алачу» (алаш) деп атаған. Олар: тоғыз-оғыз, түргеш (он-оқ), отыз-оғыз, басмал, қыпшақ, қарлұқтар [4. 10]. Қызыл кесік

аңыртасы қағанаттың бір есірі немесе бір алашы (кіші ордасы) болған қарлұқтар хандығының есір (так) иесіне арнап қойылған аңыртас болуы әбден мүмкін. Сол себепті Қызыл кесік аңыртасының нақты орнын тауып, ғылыми зерттеулер жүргізу өте маңызды іс болмақ.

Тарбагатай өңірінен табылып отырған бұл аңыртастар Орхон бойындағы аңыртастармен бірдей болып келуі тарихшыларға жаңа ұсыныс жасауды немесе бұған дейінгі пайымдаулар мен қорытындыларға сын көзben қарауды мегзейді.

Бұғынға дейін Кек Түрік шекарасын Алтайдан асырмай келген еді. Ал, мына заттай айғақтар (барықтар, аңыртастар) Кек Түріктердің иеленген терриориясы туралы жаңа тұжырым жасауга дәлел болып отыр. Демек Кек Түріктердің батыс шекарасын Алтаймен шектеп келгеніміз тарихи тұрғыда дұрыс емес екеніне көз жеткіземіз.

#### **ӘДЕБИТТЕР**

1. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Құлтегін. 2003.
2. Войтов В.Е. Древнетюркские пантеон и модель мироздания в культово-поминальных памятниках Монголии VI-VII вв. ГМВ. М. 1996.
3. Чариков А.А. Изобразительные особенности каменных ивояний Казахстана // СА –1986. № 1. С-87-102.
4. Сартқожаұлы Қ, Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. Құлтегін. 2005.
5. Ермоленко Л.Н Средневековые каменные изваяния Казахстанских степей. Новосибирск. 2004.

#### **REZUME**


**Z. Karjaubaiulu (Astana)**

#### **ANCIENT TURK BARRACKS IN EAST KAZAKHSTAN**


The author gives much information about found monuments during the expedition made in the regions of Saisan, Tarbagatai, Alakol, Urjar in the southern part of East Kazakhstan and also writes about Kyzyl Kesik Stone cave and Tarbagatai barrack. This material evidence helps to make a new conclusion that it was the region of Kok Turks (Blue Turks).

**Қаржаубайұлы Ж. Шығыс Қазақстандағы байырғы...**

**Сурет-1. Қызыл кесік аңыртасы**



**Сурет-2 Қабаш I, II-аныртасы**



## МАЗМУНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, İÇERİK, CONTENTS

### ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

G.A. Эсенбаева (Новосибирск)	Вокализм киргизского языка в сопоставлении с тюркскими языками Южной Сибири. Оңтүстік Сібірдің түркі тілдері мен қыргыз тілі вокализмінде салыстырылуы. Kırgız dilinde ünlü seslerin Güney Sibirya Türk halklarının dili ile karşılaşılması Poetry of algys of yakuts epithet	3-11
K.S. Калыбаева (Алматы)	Түрк фразеологиясындағы орыс тіліндегі тілдік өсепі (қышшак тобы тілдері бойынша). Языковое влияние русского языка на фразеологию тюркского языка (согласно языкам кыпчакской группы) Türk deyimlerine Rus dilinin etkisi The Language effect of Russian on Turkic phraseology (on the base of Khypshak Language group).	12-18
K.S. Kalibayeva (Almaty)		

### ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

X. Миннегулов (Казан)	О научно-просветительской деятельности Ризаэддина Фахреддина (1859-1936). Ризаеддин Фахреддиннің (1859-1936) ғылыми-ағартушылық қызметі жайлы.	19-26
H. Minnegulov (Kazan)	Rizayeddin Fahreddinin (1859-1936) ilmi işleri hakkında About scientific-educational activities of Rizaeddin Fakhreddin (1859-1936)	
Я. Құмарұлы (Үрімжі)	Түркі көшпелілерінің Таң-Соң дәуіріндегі қытай әдебиетіне жасаған өсепі Влияние тюркских кочевников на китайскую литературу эпохи Тан-Сон.	27-33
Y. Kumarsulu (Ürümci)	Türk halklarının Tan-Son devrin Çin edebiyatına etkisi The effect of Turkic nomades on Chinese Literature of Tang- Song epoch.	
A. Тоішанұлы (Алматы)	Бұрым-тыйымның жанрлық ерекшелігі	
A. Toıshanulu (Almaty)	Жавровые особенности примет и суверий Batıl inançlar'ın janrı özellikləri Genre Peculiarities of superstitions	34-49
L. Ефимова (Саха)	Поэтика алгыса якутов: эпитетация	
L. Efimova (Saha)	Эпитетация: якуттардың алғыс поэтикасы Epitetasyon: Sahalıların şükran poetikası Poetry of algys of yakuts epithet	50-62

---

## ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

---

<i>Х.Гасымов Д. Азимли (Азербайджан)</i>	Место и роль волжско-каспийского торгового пути в экономических и культурных взаимоотношениях Сефевидского государства с Московским государством. Мәскеу мемлекеті мен Сефевид мемлекетінің экономикалық және мәдени қарым-қатынастарындағы Волга-Каспий сауда жолының орны мен ролі Rusya devleti ile Sefevir devletinin ekonomik ve kültürel ilişkilerinde Edil-Hazar ticaret yolunun önemi Place and role of Volgo-Caspian trade way in economical and culture relations of Sefevid state with Moscow state.	63-70
<i>Л.А.Мухамедеева (Казан)</i>	Дело о пребывании в казани турецкого визиря Хусейна Хильми в 1910 году (по материалам канцелярии казанского губернатора) 1910 жылы Қазанға түрк уәзірі Хүсейн Хильмидің келуі туралы іс (Казан губернаторының канцеляриясы деректері бойынша) 1910 yılında Kazan'a Türk veziri Hüseyin Hilmi Paşa'nın seferi hakkında File of Turkish Vizier Khusein Khulmi's visit to Kazan in 1910 (from the office materials of Kazan Governor)	71-78
<i>Г.С.Хазиева (Казан)</i>	Отражение мусульманской культуры в личных именах тюркских народов (на примере татарских, башкирских, турецких и чувашских личных имен) Түрік халықтарындағы кісі аттарының мұсылман мәдениетіндегі көрінісі (татар, башқұрт, түрк және шуваш халықтарында) Günümüz Türk halklarında bulunan özel isimler ve islam kültürünün etkisi Reflection of Muslim culture on personal pronouns of Turkic people (for the example of tatar, bashkir, Turkish and Chuvash personal pronouns)	79-83
<i>G.S.Hazieva (Kazan)</i>		

---

## ЭТНОМЭДЕННИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

---

<i>Д.Кезжегай (Түркістан)</i>	Иасауи мәдениетінің бүгінгі насыхатталу жайы О сегодняшней пропаганде культуры Иасауи Yeşevi kültürünün günümüzdeki işlenişi Today's propaganda of Yasawi culture	84-109
-------------------------------	--	--------

---

## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

---

<i>Базылхан Н. (Алматы)</i>	Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері: тарихи-деректанулық талдаулар Некоторые проблемы историко-источниковедческих исследований древнетюркской письменности	110-127
<i>Bazilhan N. (Almaty)</i>	Eski Türk Anıtlarının tarihi ve metin açısından incelenmesi Some problems of historical – source study researches of ancient Turkic written Language	
<i>Ж.Карсаубайұлы (Астана)</i> <i>J.Karsaubayulu (Astana)</i>	Шығыс Қазақстандағы байырғы түркі барықтары Древние тюркские памятники Восточного Казахстана Doğu Kazakistan Eski Türk abideleri Ancient Turk barracks in East Kazakhstan	128-133

Редакцияның мекен-жайы:

487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Фылым Орталығы, Н.Назарбаев көшесі, 8<sup>а</sup>  
“Түркология” журналының редакциясы, 4-бөлме.  
Тел: (8-32533) 6-38-01,  
Факс: (8-32533) 6-38-01  
E-mail: [turkologi@mail.ru](mailto:turkologi@mail.ru)

Журналдың электрондық нұсқасын [www.turkistan.kz](http://www.turkistan.kz) сайтынан оқуға болады.

Журнал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің “Тұран” баспаханасында көбейтілді.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-шікірлөр редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.

Шартты баспа табағы 11,5.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс.